

П И О Н Е Р



МАРТ

1951 ЖЫЛ
АЛМАТЫ

№ 3



А. ПУШКИН



М. ГОРЬКИЙ



В. МАЯКОВСКИЙ

ОРЫС ТІЛІ ТУРАЛЫ

*Орыс тілі қалай айтам десең,
де, қалай қолданам десең де, сон-
шалық орамды, соншалық қуат-
ты тіл...*

А. ПУШКИН.

*Біздің тіліміз мейлінше өр-
некті, мейлінше орамды бай тіл.*

М. ГОРЬКИЙ.

*Бұл тілде сөйлеген ғой ұлы Ленин,
Сол үшін-ақ үйренер ем орыс тілін.*

В. МАЯКОВСКИЙ.





ҰЛЫ ОРЫС ТІЛІ

Доцент Х. МАХМУДОВ

1.

Өткен жылы ұлы көсеміміз И. В. Сталин тіл туралы тамаша пікірлер айтты. Бұл еңбектерінде И. В. Сталин жолдас тіл туралы ең толық, шын мағнасында ғылыми анықтама берді. Көсеміміздің бұл данышпан еңбектері жарыққа шыққанға дейін тіл туралы түсінігіміз өте кем, кейде тіпті қате де болатын.

Адам баласы өмір сүру үшін еңбек істеуі керек, ал еңбек істеу үшін бірімен-бірі түсінісуі, пікір алысуы керек. Бұл да тілсіз мүмкін болмас еді. Тіл ойлаумен тікелей байланысты, қандай ойлау болмасын тек тіл арқылы ғана жарыққа шығады. Демек, тіл болмаған жерде ойлау да болмайды. Кейде адам бір сұрауға жауап бере алмай қыйналғанда, «түсінуін түсініп тұрмын, бірақ келістіріп айтып бере алмай тұрмын» дейді. Бұл дұрыс емес. Өйткені ол адамның айтып бере алмауы, мәселені түсінбегендіктен туып отыр. Бұл жөнінде И. В. Сталин жолдас: егер адам өзінің ойын сауатты түрде дұрыс айтып бере алмаса, оның ойлауы да жүйесіз, тәртіпсіз болғаны, дейді.

Сонымен, адам баласының қоғамдық қатынасына, күнделік тұрмысына табиғатқа қарсы күресіне яғни бүкіл өміріне тілдің тікелей қатысы бар. Тіл болмаса, адам баласының қоғамдық өмір сүруі де мүмкін емес. Сондықтан И. В. Сталин, тіл — адамдардың бір-бірімен қатнасу құралы, екенін атап көрсетті.

Тіл — ең көне құбылыс. Кәзіргі замандағы тілдердің элементтері сонау арғы замандардан келе жатыр. Әрине, ол кезеңдерде тіл бүгінгідей бай, мәнерлі емес еді. Оның негізгі сөздік қоры өте аз болатын, тілдің грамматикалық

құрылысы да оралымсыз еді. Дегенмен оның өзіне лайық грамматикалық құрылысы болды. И. В. Сталин жолдас айтқандай, тілдің сөздік құрамы жеке тұрғанда тіл бола алмайды, олар тілге тек қана құрылыс жабдығы болып табылады. Мысалы, кірпіш сол қалпында үй болмайды, бірақ кірпішсіз (я басқа құрылыс жабдығынсыз) үй де салынбайды. Сөздер грамматиканың қарамағына, яғни тілдің грамматикалық құрылысына түскенде ғана сымбатқа, мағнаға ие болады. Мысалы, тақта, мен, шығу — деген сөздер тізбегі осы қалпында түйінді ойды білдірмейді, ал осы сөздерден құралған мен тақтаға шығамын — деген сөйлем тынақты ойды білдіреді. Бұрын да әр тілдің, тіпті кенже дамыған тілдің де өзіне сәйкес грамматикасы, яғни грамматикалық құрылысы болған. Тілді ғасырлар бойына жүздеген буындар жасайды. Қоғам құрылысы өзгеруіне еріп, тіл бірден өзгермейді. Мысалы, Абайдың тілі мен қазақтың кәзіргі әдеби тілінің пәлендей айырмасы жоқ. Тіл қоғаммен бірге жасайды. Тілсіз қоғам өмір сүре алмайтыны сыяқты, тіл де қоғамсыз өмір сүре алмайды. Заман өтуімен, қоғамдағы өзгерістермен байланысты тіл де өзгереді, яғни тілдің сөздігі бай береді, грамматикалық құрылысы жетіле береді.

И. В. Сталин жолдас өзінің тіл туралы жазған еңбектерінде, барлық тілдер ішінде орыс тілінің байлығын, тұрақтылығын ерекше атап көрсетті. Жыйырмадан аса тілді білген Фридрих Энгельс те орыс тілі туралы осы пікірді айтқан болатын. Ф. Энгельстің пікірінше: «Орыс тілін жете үйреніп білу аса қажет, өйткені ол күшті, ең бай, жанды тілдердің бірі».

2.

Орыс тілі — дүние жүзіндегі тілдердің ішіндегі ең бай тіл. Бұл тілдің ең алдыңғы қатарлы мәдениет, ғылым және искусство тілі екені әлемге мәлім. Орыс тілі — В. М. Ломоносов пен А. С. Пушкиннің, В. Г. Белинский мен А. Г. Чернышевскийдің, И. П. Павлов пен Д. Менделеевтің, М. Горький мен В. В. Маяковскийдің, В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің тілі. Орыс тілі — халықтар арасындағы интернационалдық қатнастың тілі. Ол ССРО халықтарының бәріне ортақ тіл. Олар Бүкілодақтық мәжілістерде, съездерде орыс тілінде сөйлеседі. Біздің заманымызда, социализм дәуірінде орыс тілі бүкіл дүние жүзілік мәнге ие болды. Орыс тілін меңгеру — барлық одақтық республикаларда мәдениетті, искусствоны және ғылымды жоғары сатыға көтере беруге көмектеседі.

3

Ұлы Октябрь Социалистік революциясына дейін орыс тілін білетін қазақтар өте аз еді. Абай Құнанбаев, Ыбрай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов сыяқты ілгері ниетті бірен-саран адамдар өзінің халқын ағарту жолында жан аямай, беріле қызмет істеді. Олар қазақ халқы мен ұлы орыс халқы арасында берік достық орнатуға ұмтылды, қазақты орыс халқының алдыңғы қатарлы өкілдерінен білім алуға, өнер үйренуге шақырды. Қазақ халқының бұл ағартушылары, әсіресе Абай Құнанбаев,



Алматыдағы 12-мектептің 6-класы орыс тілі сабағында.

қазақ даласында баспахана жоқтығына қарамастан, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов шығармаларын қазақ тіліне аударып, елге таратты. А. С. Пушкиннің өлеңдері қазақ даласының алыс түкпірлерінде, тіпті оқу-жазу білетін ешбір адам жоқ жерлерде де жырланатын болды.

4

Орыстың алдыңғы қатарлы мәдениетінің барлық табыстарымен еркін пайдалануға қазақ халқының қолы совет өкметі тұсында ғана жетті. Совет өкметі тұсында орыс тілін қазақ еңбекшілері жаппай үйренуге кірісті. Орыс тілі бастуыш, орта мектептерде, жоғарғы оқу орындарында негізгі пәндердің бірі ретінде оқытылатын болды.

Орыс тілінің байлығы, оның тамаша сымбаттылығы, аса ікемді грамматикалық құрылысы, бірінші рет үйрене бастаған адамдар былай тұрсын, тіпті тіл ғылымының ірі ғалымдарын және көркем сөздің ұлы шеберлерін де таң қалдырады. В. М. Ломоносов орыс тілінің байлығы туралы айта келіп: «Шынын айтқанда, орыс тілі бір ұшан-теңіз» дейді. Ол орыс тілін, басқа тілдермен салыстыра келіп, толып жатқан бай тілдерге тән түрлі ерекшеліктердің бәрі орыс тілінде бар екенін ескертеді. «Испан тілінің ондылығы, француз тілінің ікемділігі, неміс тілінің беріктігі, итальян тілінің жатықтығы, оның үстіне грек пен латын тілдерінің байлығы мен суреттеудегі күштілігінің бәрі де орыс тілінде толығымен бар».

Орыстың ұлы жазушысы И. С. Тургенев орыс тілі туралы былай дейді: «Өзіміздің тілді, тамаша орыс тілін, таза сақтандар. Бұл біздің атабабамыз қалдырған асыл қазна. Бұл күдіретті құралды құрметтей біліңдер, ол пайдалана білетін шебердің қолында талай-талай кереметтер жасай алады». Орыс тілінің байлығы, күштілігі жайында, оны сүю жөнінде Отанымыздың ұлы адамдарының сүйсіне пікір айтпағандары кемде-кем. Кеменгер В. И. Ленин бүкіл өмір бойы орыс тілін зерттеп үйреніп отырған.

5.

Біз жоғарыда орыс тілі дүние жүзіндегі ең бай, ең сым-

батты тіл дедік. Оның сөз байлығы жүз мыңдап есептеледі. Орыстың әдеби тілімен жазылған кітаптарды еркін оқып пайдалану үшін, бұл тілді жетік білу керек болады. Жетік білу үшін орыс тілін үйренумен күнбе-күн сөз қорынды көбейте беруге тиістісің. Бұл жөнінде сендерге сөздіктер (орысша — қазақша, қазақша — орысша) үлкен жәрдем береді. Кітап оқығанда, текст ішінде түсініксіз бірде-бір сөз қалып қоймасын, оның мағнасын түсінуге тырысып бақ. Оқығанда түсініксіз сөз кездессе, оны жазып алып отыр. Аз оқысаң да саналы түрде, ұғынып оқы. Шала түсініп оқудан аулақ бол.

Кейбіреулер орыс тілі «қыйын тіл» дейді. Дұрысында олай емес. Орыс тілі күнттап оқыған адамға онша қыйын емес. Ал, күнттап оқу дегеніміз — орыс тілін үйрену үшін үзбей оқу керек деген сөз. Оқығанда есте болатын нәрсе, орыс тілі өте бай, сымбатты тіл болғандықтан, оның түрлі өзгешеліктеріне көңіл аудармаса, қыйын соғуы да мүмкін.

Орыс тілінің буын екпіні де қазақ тілінің буын екпінінен басқаша. Орыс тілінің буын екпіні көбінесе, тұрақты емес, жылжымалы. Мысалы: *гóрод, корова́, голова́* деген сөздерде екпін бірінші буында да, екінші буында да, үшінші буында да, яғни сөздің басқы, орта, аяқ буындарында да болатыны аңғарылады. Мұны тұрақсыз екпін дейміз. Ал *гóрод — городá, голова́ — гóловы* дегендегі екпіндерді жылжымалы дейміз. Орыс тіліндегі екпін кейде сөздің мағнасын айқындайды. Мысалы: *му́ка — мукá, у́же-ужé, узна́ю — узнаю́* т. б. Бұл тұрақсыз және жылжымалы екпіннің болушылығы орыс тілі құрылысының тамаша бір ерекшелігі. Егер осы екпінді бұзсақ, бұрынғы сөйлемнің орнына, басқа бір сөйлем келіп шығады, кейде мүлде мағнасы өзгеріп кетеді. Мысалы: *я купил му́ку* (мен ұн сатып алдым), *я купил мукú* (басыма қайғы тілеп алдым), *я узна́ю* (мен білемін), *я узнаю́* (мен білейін) т. б.

Қорытып айтқанда, орыс тілінің жоғарыда көрсетілген ерекшеліктерін жақсы түсініп, игеріп алудың жолы — орыс тілі грамматикасын жете білу және сөйлеу нормасын үйреніп алу болып табылады.



ҚЫТАЙ ДОСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖЫЙЫН

Пионерлер бұл жыйынға бір ай бойы әзірленді. Жыйын совет балалары мен қытай балаларының достығына арналды.

Төртінші кластардың оқушылары қытай балалары костюмдерін тікті. Қытай халық республикасының туын жасап, оған өрнекті қызыл жұлдыз салды. Отряд суретшілері Қытайдың үлкен картасын жасады.

...Жыйын басталды. Сапта тұрған пионерлер орыс халқы мен қытай халықтарының достығын мадақтайтын асқақ ән шырқады.

Рапорт берісіп болған соң, пионерлер орындарына отырысты. Сахнаға Эльза Галиева шықты. Ол москал қытай жұмысшысының киімін киген. Эльза сол жұмысшының атынан сөйледі:

— Қытай халқы ғасырлар бойы қанаушылардың, шетел отаршылдарының тепкісінде болып, мұқтажлықта өмір сүрді. Мао Цзе-дун бастаған коммунистер келді де, халықты күреске бастап, басына бақыт әперді. Азат елдің азат адамдары жаңа тұрмыс орната бастады, балалар бақытқа ие болды. Бүгінде қытай балаларының алдында жарқын өмір жолы сайрап жатыр.

Енді қытай балалары да, советтің жас ұландары сыяқты, оқытушы, агроном, инженер, дәрігер болады. Жаңа социалистік қоғамның құрылысшылары бола алады.

— Қытай — өте үлкен ел, — деп бастады сөзін, қабырғаға географиялық картаны іліп жатып, Лиля Степанова. Бұл картаны Лиля Оля Крукпен бірлесіп сызған еді.

Пионерлер Қытайдың географиясы жөнінде айтқан Лилянің әңгімесін үлкен ықласпен тыңдады.

Оля Крук корей халқына достық қол ұсынып, американ басқыншыларына қарсы батырлықпен күресуші қытай еріктілері жөнінде айтты.

— Ал американ балаларының қандай тұрмыста екенін қайсыларың білесің? — деп сұрады отряд вожатыңы Надя Чеснокова.

Люда Станиславская: Америкада тек байлардың балалары ғана бұла болып өседі, ал миллиондаған адамдар жұмыссыз қалып, жоқшылық күн кешеді, әсіресе ондағы негрлердің халі өте нашар. Негр балаларына актүстілермен сөйлесуге де тыйым салынғанын баяндады.

— Қытайды американдар басып алса, қытай достардың көрген күні не болар еді? — деді Лена Самарина шыдамсызданып.

Жыйын соңында пионерлер қытай достарына хат жазуға келісті.

В. ЗЕНКОВА,
Алматы, 40-мектеп.



Қыз балалар да мектеп жанындағы участкада түрлі жаңа өсімдіктер өсіреді. Олар участкада егу үшін соя тұқымын тексеріп жатыр. Солдан оңға қарай: Рая Кудашкина, Рая Рыжих, Нина Ранцева, Маша Адонина.

ЖАС МИЧУРИНШІЛЕР

ДОСТАР ХАТЫ

ҒАЛЫМ ӘДІСІМЕН

«... Біз өткен жылы мектеп жанындағы тәжірибе участогіне 18 түрлі гүл ектік. Мектеп ауласына 1000 түп әртүрлі ағаштар отырғыздық. Мұны біз «Дружина бақшасы» деп атадық. Біздің мектеп шахтер послекесінің ортасында. Біз шахтерлер үйлерінің төңірегіне 500 түп ағаш отырғыздық. Қазір тәжірибе участогімізге оңтүстіктің жемісін егуге кірістік.

Сендер де бізге өз жұмыстарыңды айтып жазыңдар. Біз сендердің істеріңмен танысып, тәжірибе алмастыруды мақұл көрдік.

Дружина жас мичуриншілерінің тапсыруымен:

Чернета, Чумак, Невенченная.
23-Кондратьевка орта мектебі.

Донбасс».

Нина Ранцева хатты оқып шықты да, оны тындап отырған басқа пионерлерге қарады. Оның нұрлы өткір көзінде «сендер не дейсіңдер?» — деген сұрау тұрды. Сонау Украинадан келген бұл хатты көңіл қоя, үнсіз отырып тындаған пионерлер бірден сөз қатқан жоқ. Олар бір-біріне жалтақтап қарап, ойға кеткендей қабақтары сәл жыйырылып, тым-тырыс отырысты.

— Сендер неге үндемейсіңдер? Әлде оларға айта тыңдарың жоқ па? — деді манадан бері, ойлы көзін балаларға тастап, шеткерірек отырған, самай шашына ақ кіріп, беті әжім тартқан егде әйел орнынан тұрып.

— Неге болмасын, Варвара Сергеевна, бар, — деді Николай Гаюнов.

— Олай болса, кәне айтыңдар.

Енді пионерлер еркін, шешіле сөйлеп, өткен жылғы істері мен табыстарын ортаға салды.

Рая Рыжих пен Валя Волкованы ойландырған күздік бидайды көктемде егу мәселесі болды. «Күзде себіліп, қар астында қыс бойы жататын күздік бидайды көктемде егуге бола ма? Егер бола қалған күнде, ол ерте пісе ме?» Бұл сұрауға бірден жауап беру қиын еді. Енді олар бұған жауапты үйірме жұмысын басқарушы ботаника пәні мұғалімі Варвара Сергеевна Демьяненкодан сұрап білуге ұйғарды.

Варвара Сергеевна олардың сөзін бөлместен тыңдап болып:

— Бұл тәжірибелеріңді ұнатамын. Ол үшін сендер мына кітапшаны оқып шығыңдар, — деді.

Бұл академик Трофим Денисович Лысенконың дәнді яровизациялау жайында жазылған кітапшасы еді. Онда күздік бидай туралы да айтылыпты. Енді Рая мен Валя тәжірибені озат совет ғалымының әдісімен жасауға кірісті. Бұл өткен жылдың январь айының аяқ шені еді.

Олар ең алдымен күздік бидайдың 300 дәнін іріктеп алды. Оны дымқыл дорбаға салды. Мұнан соң әр онкүн сайын тағы да 300 дәннен алып, әлгіше дорбаға салып отырды. Дәндер ісініп бөрте бастағанда бұл дорбаларды жәшікке салып қар астына көміп қойды. Күн әбден қызып, жерден қар кеткен соң, оны жәшіктен алып, күні бұрын тынайтылып, әдейі жыртылған жерге септі. Сөйтіп күздік бидайды қолдан яровизациялады.

Валя мен Рая мұнымен тынған жоқ. Олар күздіктің жанына яровизацияланбаған күздікті екті.

Жаз айының соңғы күндерінде яровизацияланған күздік бидайлар әбден жетіліп піскенде, яровизацияланбаған бидайлар жанадан ғана сабақтанған еді. Мұнан олар ғылым әдісінің ерекшелігін көрді.

Мария Адонина мен Эльмира Ельцова 5-класта оқын жүргенде жаңа ғана ұйымдастырылған жас мичуриншілер үйірмесіне бірінші болып жазылды. Сонан бері екі жыл өтті. Олар осы мезгілде картоп сабағына томат өсіру тәжірибесін жасады. Бірақ бұл әлі аз еді. Олар томат өнімін арттырумен бірге оның кәдімгі томаттан үлкен болуын да көздеді. Осы мақсатпен өткен жылы томаттың өзін өсіруге кірісті. Күні бұрын көң, күл төгіліп тыңайтылған жерге егілген томат тез арада-ақ өніп шыға бастады. Олар минеральды заттарды кеңінен қолдана отырып, тәжірибелерін дамыта берді. Томат өсіп келе жатқанда, оның кейбір сабақ тармақтарын 5 сантиметрден асырмай қырқып отырды. Томат сабағын екеу етпей, негізгі бір сабақпен қалдырды. Томат піскен кезде, ол жай томаттарға қарағанда әрі өнімді, әрі үлкен болды. Бірақ, дәмсіз болып шықты. Бұл қалай? Әлде тәжірибе дұрыс жасалмады ма? Олай болса, оның түсімі неге артты, неге үлкен болды?

Мария мен Эльмира қанша ойланғанмен, жұмбақ сыры шешіле қоймады. Олар мұны сәтсіздік деп есептеді. Үйірме мәжлісінде осы ойларын айтты.

— Бұл сәтсіздік емес, — деді Варвара Сергеевна өз сөзінде, — сендер томат шырынын жапыраққа жібермей жемісіне жіберуді ескермегенсіңдер.

Буган таңқалған екеуі «нені ұмыттық» дегендей жалтақтап Варвара Сергеевнаға қарады. Мұны сезген мұғалима:

— Сақиналау әдісі ше? — деді.

— Сақиналау! — деді олар, ұмытқаны есіне түскендей.

Олар енді томатты ірі, дәмді, өнімді етіп өсірді.

ҚЫСТА ӨСКЕН УРЫҚ

Бұл былай болған еді:

Өткен жылы октябрдің 17-імен 22-лері арасында үйірме мүшелері бау апталығына қатысты. Олар мектеп алдындағы алаңға 250 түп тал отырғызды. Тәжірибе участогінің төңірегіне көктем кезінде отырғызған жеміс ағаштары санын енді 90 түпке жеткізді. Мұнан кейін де бау арасындағы жұмыс қызбаса, бәсеңдемеді. Олар құраған ағаштардың бұтақтарын кесті, талдардың айналасын қоршай қазып, әр текше метріне 6—8 килограмға дейін тыңайтқыш заттар төкті, қар үйді. Бірақ, Николай Гаюновты бір ой бөлген еді. Ол бұл ойын кезекті үйірме сабағында айтты.

— Біз тал отырғызуды, ағашты күтуді үйрендік. Енді біз ағаш ұрығын өсіруді ойласақ...

Оның бұл ұсынысы үйірменің жас баушылар звеносына ұнады. Олар сол күннен бастап іске кірісті. Бұл екінші оқу тоқсанының соңғы күндері еді.

Ең алдымен олар ағаш және гүл ұрықтарын егетін, ені — 25 сантиметр, ұзындығы — 35-40 сантиметр, биіктігі — 12 сантиметр болатын жәшіктер әзірледі. Оны бақшаның жақсы топырағымен толтырды, жәшіктің ернеуіндегі топырақты саусақпен басып тығыздап, бетін тегістеді. Сонан кейін аралығын — 6 сантиметрдей, тереңдігін — 0,5-1 сантиметрдей етіп қолмен сызық сызып, оған өте тығыз етпей ағаш, гүл ұрығын көмді. Жас баушылар бұл жолы 12 түрлі ағаш ұрығын, 25 түрлі гүл ұрығын отырғызды. Көмген ұрықтың үстіне су сеуіп, әр жәшікке ұрық аты, егілген күні көрсетіліп жазылған қағаз жапсырды. Сонан соң оны көктемде су баспайтындай етіп, қар арасына көмді. Үстіне биіктігі бір метр етіп қар үйді.

Мұны олар «қыста өскен ұрық» деп атады.

Қар еріп, күн жылынса да олар жәшіктегі ұрықты біраз күн қозғаған жоқ. Олардың бетіне су сеуіп отырды. Жер әбден қызғанда ғана қыстағы ұрық жерге көшірілді.

Үйірменің «Жас мичуриншілер» атты қабырға газетінің редакторы Геннадий Роговтың жұмысы да өте мәнді. Үйірме мүшелерінің әр табысын газет арқылы көрсетіп отыру керек. Ал, табыс аз емес.

Нина Ранцева ерте пісіп, жылына екі рет егілетін картопқа тәжірибе жасағанда, оны кең түрде жазуға тура келді. Мектеп тұрған Ленин атындағы колхоздың басқармасы жас мичуриншілердің бұл тәжірибесіне ерекше ықылас қойды. Себебі колхоз даласында да мұндай картопты егу көп пайдалы. Нина бір түп картоптан екі рет өнім алуға, картоптың ірі болатындығын, ерте пісетіндігін тәжірибе жүзінде көрсетті. Енді быйыл ол картопты ұялап себу әдісіне көшті.

Галя Шахова кәдімгі қыярдың мөлшерін мұнан да ірі етуге болатындығын тәжірибемен дәлелдеді. Қыяр өсіп шыққанда, оның түбіне шала шіріген жертезек септі. Бұл жердің дымқыл болуына себепші болса, әрі арам шөптердің өсуіне бөгет те болады. Сонымен бірге көң бойына жылуды да көп тартып, топырақтың жылулық қасиетін жақсартады, минеральды туздарды жыйнақтап, көбейте түседі. Осылайша уқыпты күтімдегі қыяр әдеттегіден әрі үлкен, әрі дәмді болады.

Шура Мокроусова өсірген «Ақ бомба» бұршағын, жай бұршақпен тозандастыру әдісі де алғаш қолданылмады



Коля Гаюнов мен Оксантай Қарамендин өздері өсірген жемісті қарап отыр.

ма? Түрлі жемістерді будандастыру мен тозандастыру әдісін үйірменің 60 мүшесі тегіс үйренбеді ме? Тіпті, олардың әрбір тәжірибесіндегі табысын көрсетуді газет арқау етпеді ме?

Терезе алдында картопты яровизациялау, картоп пен помидорды тозандандыру, жарық бөлме мен қараңғы бөлмеде өсімдіктер өсіру, мичуриншілер альбомын жасау істерін басқалар да газеттен оқып білмеді ме?

Өткен жылғы табысқа тармақты бидай өсіруді де қосуға болады. Рас, алғаш 5 дән ғана себіліп, өнімі алынды. Ал, быйыл, сол алынған өнімдер түгел егіледі.

Жас мичуриншілер үйірмесіндегі зоология бөлімін де айтпай кетуге болмайды. Зоологиямен әуестенушілер звеносы быйылдың өзінде Ленин атындағы колхоздың сыйыр және құс фермасында болды. Олар колхоз ісімен танысумен бірге, өздері де үй жәндіктерін өсіруде. Мына көктемде келе бастаған құстарға жасаған уялар да солардың қолынан шықты.

*
* * *

... Геня манадан бері үйірме мүшелері жазған хаттарды оқып отыр. Әр хатта әр жаңалық айтылады. Ол бұған қуанышты. Алдында кезекті газет саны әзір жатыр. Қуаныш жүзіне ойнаған ол, сәл жымыйды да, алдында жатқан көк қарандашты алып, газеттің бас жағына жаза бастады.

Онда «Көктем газеті» деген жаңа сөз қосылды.

... Күн ашық. Алатауды бөктерлей жатқан қара бұлт та бүгін серпілген. Көктемнің майда самалы баяу есіп тұр. Жаңа ғана бүршігін жарып келе жатқан тал жапырақтары да күн сәулесіне бетін төсей, нәзік шыбықпен бірге жай ырғалады. Қылтыйып өскен көк майса бейне кілем сыяқты. Мектеп алдына шыққан Варвара Сергеевна көктемнің осы бір әсем көрінісіне тамашалай қарады да, кең көшеге түсіп тауға қарай бет алды.

Бұл арадан тәжірибе участогі де қашық емес. Майдаланып жыртылған участок жерінің үсті балаларға толы. Ол жақтан шат дауыс, жайдары күлкі естіледі. Варвара Сергеевна тал тігіп жүрген бір топ пионерлердің қасынан өтті де, бақшашы пионерлерге қарай бұрылды. Қолында қағазға ораған бес тал сағо бар. Оның басы шашпау секілді.

— Варвара Сергеевна келді! — деген жіңішке дауысқа, бақшада жұмыс істеп жүрген пионерлер жалт қарасты. Ілезде оны балалар қоршап алды.

— Варвара Сергеевна, мынауыңыз не? — деді Нина, оның қолындағы сабақты көрсетіп.

— Бұл ма, бұл сағо өсімдігі ғой. Бұл бұрын бұл арада өсірілмейтін еді. Енді біз алғашқы рет өсіретін боламыз, — деді Варвара Сергеевна.

Ленин атындағы 75-орта мектептің жас мичуриншілері жаңа көктемді жаңа жұмыспен осылайша қарсы алды. Олар өз жұмыстарын айтып, украиндық жас достарына хат та жазып жіберді.

С. САРҒАСҚАЕВ,

Алматы селендік ауданы.



Оқушылар жазда өздері жыйнаған гербарийлар мен тұқымдарды сұрыптап жатыр.

Солдан оңға қарай: Боря Гаюнов, жас мичуриншілер үйірмесінің жетекшісі В. С. Демьяненко және Боря Зайцев.

Суреттерді түсірген П. Редько.

Шевченконың бақшасы.

Осы жылғы 10-март күні украин халқының ұлы революционер-демократ ақыны Тарас Григорьевич Шевченконың қайтыс болғанына 90 жыл толды. Ақын кедей лашықта туды. 9 жасынан бастап жалшылық өмірдің қамытын киді, поптың, помещиктің малын бақты, кісі есігінде жүріп, күнін көрді. Сол жас шағынан бастап Тарастың сурет салуға деген қаблеті байқалады. Помещик крепостной талантты суретшіні Петербурттағы бір малярға «жалға» береді. Осында жүргенде Шевченко атақты суретші Брюллов пен ақын Жуковскийдің көзіне түседі. Солардың көмегімен крепостнойлық тәуелділіктен 2500 сомға сатып алынады. Азға созылған бұл ерікті жылдарда (1840 — 1847 ж.) Тарас әдебиетпен қызу айналысады. Оның «Кобзарь», «Гайдамактар», «Катерина», сыяқты бірталай еңбектері жарыққа шығады.

Самодержавиеге қарсы жазылған өлеңдері үшін патша үкметі ақынды көп ұзамай-ақ абақтыға қамайды. Солдатқа алып, Орынборға, одан кейін Каспийдің алыс атрабына жер аударады. 7 жыл бойы Шевченко Манғышлақ түбегіндегі Новопетровскі қамалында болады. Оның жазуына, сызуына қатаң түрде тыйым салынады. Соған қарамастан, Тарас Григорьевич бірнеше тамаша көркем сурет салады. Бұл суреттерінің бірқатарында қазақ халқының тұрмысын бейнелегенін көреміз. Суреттерімен қатар, ол бірнеше поэма, повесть, аңгімелер жазады.

1857 жылы Т. Г. Шевченко жер аударылған мерзімі біткен соң босап шығады, бірақ ауыр азаппен өткен ащы тұрмысы өшпес із қалдырады. Денсаулығы мүлде нашарлап кетеді. Үш жылдан кейін ұлы ақын қайтыс болады, сүйегі Днепр жағасына қойылады.

Бүкіл совет халқымен бірге, қазақ халқы да ұлы ақын, тамаша суретші Тарас Шевченконың есімін құрметпен атайды, ардақтайды. Қазақ кедейлерінің, жоқшылықтың, аштық-жалаңаштықтың ащы зарын тартқан панасыз қазақ балаларының аянышты өмірін өз шығармасында оның жаны тербеле бауырмалшыл жүрекпен бейнелегенін қазақ халқы ешқашан ұмытпайды.

Тарас қазақ халқының да ең сүйікті ақыны. Оның шығармалары кемеңгер Абайдың, қадірлі Жамбылдың еңбектерімен қатар әр қазақтың кітапханасынан құрметті орын алады. Республикамыздың мектептерінде, жоғары дәрежелі оқу орындарында Тарас шығармасы оқытыла-



Т. Г. ШЕВЧЕНКО

ды. Алматыда, Гурьевте, Қызылордада, Аральскіде, Қазалыда, республикамыздың тағы басқа қалаларында оның есіміне қойылған көшелер бар. Форт-Александровскі қаласы (бұрынғы Новопетровскі қамалы) ұлы ақынның туғанына 125 жыл толуына байланысты, 1939 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указы бойынша Шевченконың атымен аталды.

Осының бәрі украин халқының ұлы ақынына деген қазақ халқының шексіз мақаббатын, достық ниетін көрсетеді.

Балалар, біз сендерге сол өшпес достықты, сенбес мақаббатты бейнелейтін бір тарихи оқыйғаны баяндап бермекпіз. Әңгіме бақша туралы, ұлы ақын алғашқы шыбығын қадаған бақша туралы.

* * *

Гүл-гүл жайнап, жайқалған қалың ағашты бақша тұр. Біздің көзіміз кіреберісте маңдайшаға жазылған «Т. Г. Шевченконың бақшасы» деген сөзге түседі. Бұл сөз сенің есіңе бұдан бір ғасыр бұрынғы оқыйғаны салады. 1850 жылы, 17 октябрь күні осы араға жер ауып украинның ұлы ақыны Тарас келгенін ойға аласың. Бір кезде патша үкметінің «ашық абақтысы»

аталған, кәзір бұйра орманға бөленген осы бір түбек жайында Тарас Григорьевич былай деп жазған еді:

«Бұл қамал Каспий теңізінің солтүстік-шығысында жатыр. Нағыз тып-тыйпыл бетпақ дала! Не шөп, не бұта деген болсайшы, тас пен құмнан басқа түк жоқ, тұлдыр дала. Ең болмаса, жөні дұрыс тау да көрмейсің... Қарайсың, қараған сайын бойыңды зілдей қайғы басады...»

Тазалап сыпырылған кең жол бізді бақшаның түп жағына әкелді, алдымыздан шағын үй кездесті. Бұл музей еді. Ұзын бойлы, қағлез, шоқша, ақ сақалды адам алдымыздан қарсы шықты. Бұл Шевченко бақшасын ұзақ жыл бойы сақтап, өсіріп келе жатқан Сатанғұл Тәжиев деген ақсақал екен. Ол бұл бақшада 1911 жылдан бері табан аудармай қызмет етіп келе жатқан көрінеді. Бұдан қырық жыл бұрын әкесі оған осы бақшаны өз қолынан тапсырады. Ол кісі Тараспен жақсы дос болады. Шевченко босанып, еліне қайтқаннан кейін де досы бастаған жұмысты тоқтатпай, Сатанғұлдың әкесі гарнизон огородына ағаш отырғызумен үзбей шұғылдана береді.

Әке қалдырған мұраны бала одан сайын дамыта түседі. Жалғыз тал жас шыбықтар өсе-өсе орманға айналып, бақшаның көлемі де ұлғайтыла береді. Бұл бақша кәзір сегіз жарым гектар жерді алып жатыр. Онда 9 мыңнан аса түп түрлі ағаштар өскен. Таяуда мичуринші қарт бақшашы 80 түп өрік ағашын отырғызыпты.

Бақшашы бізге бақшаның жуан ортасында өзгеден ерекше шығып тұрған, қабығы қатпар-қатпар, жұп-жуан кәрі ағашты көрсетті.

— Көріп тұрған бақшаларыңыз осынау жуан ағаштан тараған, — деді ол, — мұны басында Тарас Григорьевич отырғызған екен. Әкем марқұм ылғи әңгімелеп отырушы еді.

Өз қолымен отырғызған бұл ағаш туралы Т. Г. Шевченко сан рет есіне алған. 1856 жылы 20-майда Н. О. Осиповқа жазған бір хатында ол былай дейді: «1850 жылы, мені Орскі қамалы-

нан Новопетровскі қамалына апара жатқанда — бұл октябрь айында Гурьев қаласында болғанды — көшеде жатқан бір жас шыбықты қолыма алып, қамалға ала келдім де, гарнизон огородына шанша салдым. Содан кейін ұмытып та кетіппін. Көктемде огородшы келіп, шыбығың өсіп келеді дегенді айтады. Расында да шыбығым бүршіктеніп келеді екен, ал кеп суарайын, шыбық өсті-ай келіп. Ол, кәзір жуандығы алты вершоктай, биіктігі кем дегенде 3 сажен болады, несін айтасың, толықсып тұр. Рас мен оған аз еңбек сіңіргем жоқ, талай суды сімірді. Оның есесіне, кәзір бос уақытта фельдфебельден рұхсат алып, оның саялы көлеңкесінде жатып рақатқа батам. Осы жаз соның суретін салып алсам ба деп жүрмін, әрине, көзге шалынбай салып шығам ғой».

Айдауда жүрген ақын-суретшінің бұл сөздерін көңілді толқытпай оқып шығу қыйын. Жазуға, сурет салуға еріксіз болып, іштей булығы қандай қорлық десеңші!

Бұл бақша кәзір — Форт Шевченко қаласы еңбекшілерінің демалатын ең сүйікті орны.

Жастар бос уақытын осында өткізеді. Еліміздің Киев, Алматы, Тбилиси сыяқты көптеген қалаларынан бұл жерге мыңдаған жұмысшылар мен қызметкерлер әдейілеп келіп те кетеді. Олар мұндағы музейді, ұлы ақын тұрған, осы күнге дейін сақталған жерүйді көреді. Кең түбектің барлық түкпірінен балықшылар мен малышылар Сатанғұл ақсақалға дамылсыз ағылып келіп жатады, олар көшет алады, ағаш егу туралы кеңес тыңдайды. Таяуда оған «Красный долгинец» колхозындағы мектептен де адамдар келіп кетті. Манғышлақ түбегіндегі ауылдар мен поселкелерде кәзір мәуелеген ағаштарды көресің. Бетпақдалаға алғашқы рет ағаш отырғызған бақшашыны, украин халқының ұлы ақынын талай адамдар алғыс сезіммен еске түсіреді.

Т. ШЕВЧЕНКО

Ө С И Е Т

Көміңдер мені өлген соң
Сүйікті туған елімде.
Қазылсын қабрім кең байтақ
Украинаның жерінде.

Жатайын биік корғанда
Кеудемді кернеп жалыным.
Жатайын тыңдап күдіретті
Днепрдің сарынын.

Ақса қаны дұспанның
Украиннан езілгеч,
Ағызса оны Днепр
Қосылса көк теңізбен,

Тастап сонда қабірімді
Төңірге ұшам, табынам.
Оған дейін мен оны
Ешқашан да таныман.

Аттаныңдар көмгесін,
Үзіндер бұғау темірді.
Жау қанымен суғарып,
Көгертіндер өмірді.

Мені де ұлы Отанда,
Жана ел-үлкен өлкеде.
Ескеріндер ұмытпай,
Шапағатпен өркезде.

Аударған Ә. ТӘЖІБАЕВ.

★

Суретте: Украинның ұлы революционер ақыны Тарас Григорьевич Шевченко алғашқы шыбығын қадаған, Форт Шевченко қаласындағы бақша. Ұлы ақынға арналған ескерткіштің жанында тұрған осы бақшаны 40 жыл бойы сақтап, күтіп келе жатқан қарт бақшашы Сатанғұл Тажиев.

☆



Бақшаның маңына, қыя шыңның баурайында бір кезде түнек қорған тұрғызылған болса, Совет өкметі тұсында Форт Шевченко қаласы салынып, көркейді. Бұл қала ұлы ақынның есімімен аталған үлкен ауданның орталығы.

Көшеде ағылған халық. Қаздың балапанындай тізіліп, балалар мектепке кетіп барады. Әртүстағы ауылдан келген салтаттылар да ерсілі-қарсылы ағылып өтіп жатыр. Қаладан төрт километр жердегі пристаньға үлкен кемелер кеп тоқтайды. Бұл Астраханьнан, Бакуден, Мақашқаладан шыққан кемелер. Осы арадан балықшылар теңізге шығады.

Гурьевтен осы түбекке жету үшін Шевченко желкен қайықпен Каспийдің асау толқынында төрт тәуліктей жол жүрген екен. Енді маторлы қайық бұл жолға бір жарым тәулік қана жүреді. Ал самолет болса, небәрі бір жарым, екі сағатта жетіп барады. Бұрын абақтыға, қапас қамалға айналған бұл түбек кәзір бүтіндей өзгерген, бақытты өмірдің мекеніне айналған.

Бақытты аңсаран ұлы ақынның музейіне тағы да бір ойлана қарайсың. Сенің көзіңе қарт Жамбылдың «Тарас» атты өлеңі шалынады. Бұл өлең ұлы ақынды, ұлы ақын аңсаған арманға қолыжеткен біздің ұрпақты, біздің бақытты өмірімізді алдыңа жайып салады.

О бір кезде, ақығым,
Сен де ізледің бостандық,
Мен де ізледім бостандық,
Халықта да, сенде де,
Халықпен бірге менде де
Еркіндіктің таңына,
Күшті еді бізде күштарлық.

Сол көксеген бақытты
Көре алмай кеттің көзіңмен,
Дүниеден сен кетіп
Қалсаң да, таңға мен жетіп,
Халықпен күткен бақытты
Көрдім мен міне көзіммен.

Г. ИОДКО.



Д. ТАСЕКЕЕВ.

Сурет

ӘНГІМЕ

Мамырайдың ең үлкен бөлмесінің төріне адамды еріксіз күлдірерліктей бір баланың суреті ілінген. Ол сурет қалай болса, солай іліне салмаған, әдейі әйнекті рамкаға салынып, ең көрнекті және құрметті-ау деген жерге жоғары ілінген.

Бұл суретке карап мейлінше жылпос, нағыз тентек бала ма деп те қалатындайсың. Киімдері олпы-солпы; иығына жамау түскен көнетоз сырмағы, қыртыс-қыртыс жағасы, таңқыйған танауы, қалқыйған құлағы, күлімдеген қысыңқы көздері қағазға айқын түскен. Дәл осы сыйқына карамай, солдаттың болат каскасын киюі күлкінді келтіреді. Ол өзі тек те тұрған жоқ, біреуді келеке еткендей, шек сілесі қатып күліп тұр.

Кейбір көрші Мамырайға риза емес.

— Бұл сурет несіне төрге іліне қалды екен?

— Осы сурет те үй ішіне сән болып па?

— Ай, Мамырай-ай, қызықсың-ау, шырағым! Сені дәрігер дейміз. Білікті адам дейміз. Жоқтан өзге болмашыны жыйнамасаң қайтетін еді. Не әдет осының?..

Осылай дегенімен де, олардың балаға іш тартып күлмей қалатыны кемде кем-ақ. Қаншалықты сабырлы боп тұрғанда да, сол суретке көздері түссе болғаны еріксіз күліп жібереді.

Жақында Мамырайдың үйінде отырып біз өткен-кеткендер жайлы біраз уақыт кеңес құрдық. Кеңесіміздің аяғы, ақырында, кешегі Отан соғысынан барып шықты. Петрозаводскі қаласының түстігіндегі Свирь өзені төңірегінде болған бір оқыйға әңгімеленді. Бірақ бұл әңгіме оның өз мамандығы жайында емес, бала туралы еді.

... 1941 жыл. Сентябрь.

Полктың санитар бөлімі жол жиегінде орман арасында тұрды. Свирь өзенінің арғы беті фин мен неміс, бергі беті біздер, Свирь су электр станциясының маңындағы тоғайлы аймақта қанды шайқас, қатты ұрыстар жүріп жатты.

Урыс сәл бір толас болған күні Мамырай үйіне хат жазды да, палаткасынан шығып тысқа беттеді. Шықса есігінің алдында бір шошқа ағашқа байлаулы тұр. Мұны кім байлады екен? — деген ой келіп, Мамырай тандана карай қалып еді, біреу сықылықтап күліп жіберді.

— Бұл кім өзі?.. Шық бері!—деді Мамырай.

Ағаш арасынан 13-14 жастағы орыс баласы шыға келді.

— Сен кімсің? Не керек? Сөйле тез!

Ол баланы қорқытпақ боп жанына жақындап дауысын қатаң, әрі әмірлі шығарды. Оның мұнысына бала саспады.

— Жолдас, 3-рангалы әскери дәрігер, мен Митька Жвачкинмін...

Мамырай аң-таң.

— Маған қару керек. Мүмкін болса, өтінем, тауып беріңіз, — дейді.

— Ешқандай қару берілмейді, жөніне тарт, бала! Бұл жерде әскери қызметтен тыс адамдардың жүруіне рұхсат етілмейді. Жөнел!

Бұл сөзге бала селт етпеді. Отты көздері жайнай түсіп:

— Сіз сыпайы сөйлеңіз. Керек болса, кетеміз. Ині келсе, соғысамыз. Соғыстық та. Бір сіз емес...

— Достым, сыпайы айтайын, тезірек жөнеле қойыңыз. Бұларда бейсауат адам жүруге болмайтынын түсініңіз.

— Солай дедіңіз... Кеттік.

Бала жалт бұрылып, ашулы пішінмен жөніне тартты.

— Әй, Митька, шошқанды ала кет. Қайт бері, — деп шақырды Мамырай. Бала қайрылып мойнын да бұрмады, сөз де қатпады. Жолдағы қару-жарақ, оқ-дәрі, адам тасыған машиналар тасасына жоқ болды.

Баланы кетіруін кетірсе де, артынан: «неге аты-жөнін білмедім» деген ой келіп Мамырай іштей өкінді, көз алдынан Митька кетпеді.

Келесі күні сәскеде бала қайтып оралды. Бұл жолы үсті-басы балшық-балшық; қолында

граната; Мамырайға бет бұрмастан қасынан шапшаңырақ адымдап ілгері өтті де, жаралылар тобына барып:

— Тревога! — деді.

Тұрғандар анырып қалды. Бала еңтігулі, дауысы ғажап ащы...

— Тревога деймін, — дейді қайталап, — неге құлақ аспайсыздар? Аттың тағасын аркалап қастарыңыздан өтті. Қөзбен көрдіңіздер. Фин олар — диверсант. Кім батыр? Еріңіз маған.

— Қані, қайдағы фин?

— Әні, анау кетіп барады.

Дереу жеті жауынгер, Митькамен сегіз болып, финдердің сонынан жөнелді. Арада бес-он минут өтпей-ақ сирек орман арасында тарсыл-гүрсіл атыс басталды. Артынша, қан-қан болған шикіл сары, секпіл бет екі финді жауынгерлер айдап алып келді. Финдер біздерше киінген, барлаушылар боп шығады. Осы оқығадан кейін Митька бес күндей көрінбеді. «Ротаға келді... Азғана дәрі-дәрмек алды». «Қыстақтағы жаңалықтарды айтты». «Полк комиссарымен жеке тілдесті» деген сөздер жиі тарап жүрді. Фельдшер қыздың айтуынша, ол Хасан ұрысында қаза тапқан жауынгердің баласы боп шығады. Түптеп келгенде бұл сөздер кейін толық расталып, Митька сыры айқын ашылды.

Октябрьдің бастапқы күндерінде санрота аймағы қатты бомбаланып, Мамырай жараланады. Сол жаралы болардан үш күн бұрын Митька тазының күшігіндей жылмыйған жас әйелді қолын көтертіп, дедектетіп айдап әкеледі.

— Митька, мынауың кім?

— «Көкек». Фин әйелі.

— Қалай ұстадың?

— Ұясынан ұсталды. Ағаш басында тасаланып, әдемі жайласқан екен.

— Сен сөйлестің бе мұнымен?

— Жоқ. Несіне сөйлесем. Бұлармен тек қарумен сөйлесу керек. Өз қолымнан кәзір атам.

Митька қаруын кезеніп тұр. Белдігінде патрон сауыт пен гранаталар пайда болған. Онымен қоймай иығына «көкектің» автоматын асынған.

Шексіз риза болған Мамырай баланы құшақтап маңдайынан сүйді. Оларды санитарлар, фельдшерлер, госпитальдан машина күтіп жүргелі тұрған жаралылар қоршады. Мұның үстіне сәті түсіп әскери газеттің тілшісі мен полк комиссары кез келе қалды. Осындай зор қуаныш үстінде Митька суретке түсірілді. Газетке жазылып, майдан өңіріне жария болды; кейін медальмен наградталды...

Мінеки, ұзын сөздің қысқасы дегендей, әңгімеміз де бітті.

Енді сол көбейтілген суреттердің бірі осы Мамырайдың үйінде, ең құрметті жерде ілулі тұрғанына сіз күмәндәнбассыз деп сенем.

Митькаға күлгенде жұрт оның киінісіне, кескініне күледі, бәлкім, алғашқы да сен де күлерсің. Оның оқасы жоқ.

Ал, егер өз басыма келер болсам, мен оның кескінінен гөрі қылығына... тіпті қылығы емес-ау... Не десем екен?.. Әйтеуір сүйсінем.

Жә, Митька дос қалай екен?



Көсем бейнесі


Әрқашан өз бөлмеме келсем кіріп,
Көремін қарсы алдымда көсем күліп
Тұрғанын, ғасырларға жоспар жасап,
Ойымен болашақты болжап-біліп.

Тағдырын адамзаттың қолына ұстап,
«Өссін, — деп, — жас ұрпақтар Ленинге уқсап».
Халқына бар әлемнің жол сілтейді
Сталин, коммунизм шыңын нұсқап.

Қасымхан ҚӘЛЕНОВ.



ӘНШІ ағамат



Повесть, жалғасы

Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ.

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

— Рас айтасыз. Тірі болса, Біржан домбырасын Әміреге ғана сыйлаған болар еді,— деп Естай Нұртаның сөзін қостады да, әңгіменің бетін басқа арнаға бұрғысы келіп:

— Әміре, сен «Ағаш аяқты» білесің бе? — деді.

— Ол қандай ән? Естігенім жоқ, — деп Әміре Естайға қарады.

— Ән өркеші «Ағаш аяқ» ғой. Нашына келтіріп айтпаса, барлық әннің де берекесі кетеді. Ал «Ағаш аяқ» аса шебер әншіні тілейтін ән. «Ағаш аяқ» үнді әншіні талғайды. Үйреніп алсаң, сол әннің даққын тарататын сен боласың ба деймін. Домбыранды маған берші, мен жаман даусыммен «Ағаш аяқтың» жобасын көрсетіп, жалпы сұрлеуіне салайын, арғы жағын өзің әсерлеп әкертсін.

Естай домбыраның құлағын қатты бұрап, әннің жалпы сарынын бір тартып өтіп тамағын кенеді. Әміре безектеп шыққан домбыра үніне құлағын тосып, перне қуалаған Естай саусақтарынан көз алмай тесіле қарап қалыпты. Ән ырғағы көкейіне қона кеткеп сыяқты. Бар ықыласын салып әнші әуезін асыға күткендей, Естайдың бет құбылысын да бақылайды.

Естай даусы салған жерден тым жоғары нотадан басталып шырқалып кетті. Әннің алғашқы бөлімінен ағаш аяқты кісінің өмір өгейлігіне арналған ащы үні естілгендей. Әннің орта шенінен бастап мүгедек адамның ашулы сезімі мұңға айналғандай, жүрек сырының толқыны баяндалғандай болады. Шерлі адамның соншалық жан сезімін ән ырғағы арқылы жеткізу үшін, ән аяқталғанша Естай біресе түсі суып сұрланды, біресе жер бетіне жаумай төнген қара бұлттай түнерді, біресе арман қыясына үмітпен өрмелеген адамдай арпалысты. Самайдан тер бұршақтап, шеке тамырлары белеуленіп, нұрлы жүзі күреңденіп Естай әнді қыйналып аяқтады. Сол сәтте Естайдың кірпігінен мөлт еткен жалғыз тамшы жас оның бет әлпетіндегі қуаныш сезіміне барып сіңіп кеткен еді.

Отырғандардың бірсыпырасы тұнжырасып төмен қарады, Бөрібай бастаған бір тобы қарқылдасып күлісті. Ән сырын көкеймен ұққан Әміре ауыр күрсініп, бір ғана түйінге тоқтады. Ол түйін — әнді көмейіңмен айтпа, жүрегіңмен айт болатын.

Естай ақ жібек орамалымен терін сүртіп ән сырын баяндады.

— Осы әнді салған сайын менің көз алдымда бір ғана елес тұрады. Аяғынан айрылған, өмір өгейлігіне деген күйініші бар, көкірегі шерлі, көмейі үнді, ашуы ащы мүгедек адамды көремін. Сол сорлы күңгірт көңлін асқақ сұлу әнмен жадыратқандай болады. Өз басымдағы мұңды, ел жүрегін кернеген арманға ұластырады

мүгедек әнші. Бұл оның ғана емес көптің сыры ғой. Жаны жаралы емес дала қазағы аз. «Ағаш аяқты» нашына келтіріп айтсаң, көзіне жас алмайтын ел адамы кемде-кем болады. Ән құмар елдің жан жарасын әнмен жазғысы келетін салтындағы ол. Әміре шырағым, осы әнді сен үйрен, өрелі ән өр дауысты әншісіне кездессе өрісін ұзартатын болады, — деп, Естай домбырасын терезеге сүйеп қойды.

Естай сөзін ықылас қойып тыңдап отырған Нұрта, әншінің соңғы түйініне күдіктенген адамша оның бетіне таңдана қарап:

— Естай шырағым, сен ұзақ сонарлы әңгіме айтып кеттің-ау, топшылауың көкейіме қонғанымен, «Ағаш аяқ» жайындағы менің білетініме қайшы келіп отыр. Бұл ән кәдімгі жұрт білетін Рахымбайдың әні емес пе? Сау аяғына ағаш байлап тұрып, қыз қуып жүріп аяғымды сындырдым деп күлдірмейтін бе еді Рахымбай?

— Нұреке, Рахымбайды мен де білемін. Бірақ, бұл ән Рахымбайдың төл малы емес сыяқты. Жақсы әнге не болғысы келетіндер аз ба? «Ағаш аяқты» өз әнім деп таныту үшін ол, қыз қуып мертiгiп едiм дегендi де айтады, аяғына ағаш та байлап әуреленеді, әннің сөзін де, ырғағын да өзгерткісі келеді. Тіпті «Ағаш аяқ» әнінің өзегін қуалай жататын арман, мұң сарынын өзгертіп, оған әзілді арқау еткісі де келеді.

«Атандым мен жасымнан ағаш аяқ,

Құдайым қор еткен соң аямай-ақ»

деген сөздер мүгедек адамның мұңын шертетіндігіне күмәндана аламысыз.

— Сенің айтуыңша бұл Рахымбайдың төл әні болмай шықты ғой.

— «Ағаш аяқ» — алыс заманнан келе жатқан мұра. Қазақта айтушының атына таңылып жүрген ән аз ба? Соның бірі осы «Ағаш аяқ» деп білемін.

Мәжіліс аяқталып, Әміре далаға шықты. Атқораға келген бетте ол қалақ күректің сынық басын суырып тастап, қайың сабын домбыра орнына ұстады да, «Ағаш аяқ» әнін шырқады. Әнші баланың әрекегін сырттан бақылап тұрып қасына келген Әлпейіс қартқа Әміре көрген-білгенін қалытқысыз баяндады. Әміренің сол күнгі ермегі «Ағаш аяқ» болды.

10

Көктемнің жұпар иісті ауасына бөккен қос торы, елсізге шыққаннан кейін арындауынан басылып, бұлаң құйрыққа салған еді. Әміре делбені іркіп ұстап, денесін солқылдақ фозтонның ырғағына билетіп Естай әңгімелерін ентелей тыңдап келеді. Ән мен әншілер жайындағы ертегі, аңыз әңгімелердің бірінен екіншісі қызықты тәрізді. Қанша тыңдасаң да, жалықтырар емес.

Естай шокша кара сақалын оқта-текте бір сыйпап қойып, өткір көздерін алыс қыялдарға қадап, ойлана отырып әңгіме шертеді. Ол бір әңгіменің соңғы түйінінен екінші бір әңгіменің жібін сабақтап әкетуге тым шебер кісі болатын. Әңгіменің бірінен екіншісін өрбітіп, туынды әңгімелердің желісін үзбей келе жатқан Естай, әңкұмар жас жігіттің елти тыңдап отырғандығын да сезеді. Кейде Естай әншілер жайындағы сөздерін әнмен көмкеріп кетіп отырады. Әміре бұрын естімеген әндерінің талайын осы сапарда үйреніп алатындығына іштей қуанып та отыр. Ол барар жерінің алыстай түсуін тілейді.

Күн тас төбеге шығып, көлеңке сынық сүйемдей болған шақта Ертіс жағасына жаңа келіп қонған бай ауылдың қарасы көрінді.

— Әнін алты қырдан асырған, асқақ үні сұлу Көкшенің иығына асылған Біржан — теңдесі жоқ, дара әнші еді ғой. Сырымбеттен салған әні Бурабай көлдерінен толқын көтерген Ақан — өзінің «Кұлагері» тәрізді саңлақ әнші еді ғой. Дауысы дауыл, сөзі ескек жел, ойы шалқар көл аталған Әсет — арқа әншілерінің дулығасы тәрізді, шоктығы тым биік тұратын әнші еді ғой. Оларға қарағанда біздің әншілігіміз аяқ жорға тәрізді, жел желпіген қол орамалдың лебі сыяқты ұсақ өнер ғой. Шырағым, шын әнші боламын десен, сол Біржан, Ақан, Әсеттерді ардақта, ұстазым деп таны, айтқан кеңестердің тобықтай түйіні осы болар деп ойлаймын. Сенің бойыңда үлкен өнердің өзегі жатыр. Талабың биік асқар болса, сол асқардың шыңына талмай өрмеле. Мен сенің атыңды жұртқа жаймаспын, бірақ, «Әміре әнші бар» деген атағыңды жұрттан естуге құмартатын болармын. Серт осы болсын, — деп Естай әңгімесін аяқтады.

Ұзақ әңгіменің өрісіне шығып алып, жол үстінде келе жатқанын ұмытып кеткен Әміренің сан қыйлы тәтті ойларын, абалай үріп қарсы алған ауыл иттерінің үні бөліп кетті.

— Ертіс жағасындағы орман алаңына желі тартып, алқақотан қонған ауылдың, жел бетіне оқшау тігілген ақ үйдің сыртына келгенде, Естай арбадан түсті. Үй кісілері Естайды құрметпен қарсы алып алдынан шықты. Әміре Естаймен қош айтысып Семейге беттеді.

Жол бойына жалғыз шыққан Әміренің қыялын тербеткен Естай әңгімелері болды. Оны табиғаттың сұлу көріністері де еліктіре алатын емес. Оңжағында өркештеніп қалып бара жатқан шағын таулар бұлдыр сағымға оранып «маған қайрыла кет, әнші» — дегендей ерекше бір сұлулыққа бөленіп тұр. Ертіс жиегіндегі, үйездеген үйір-үйір жылқыдай боп шоғырланған тоғайлар жарыса түсіп жете алмай, қапталында қалып барады. Ертістің арнасына сыймай арындай аққан асау толқындар жарды сүзіп, жанжалдаса шуласады. «Ей әнші, үңіл маған, бетінді жу, салқында менің самалыма» дегендей үн қатады толқынды Ертіс. Осыншалық көркем көріністің бірі де Әміренің асқақ қыялын бөліп, бөгет бола алар емес. Қайта олар әнші сезімде-

рінің нәзік шегін сырлы сазбен шерте түскендей болады. Әміренің бар сезімінің, терен ойларының құяр арнасы біреу, құлағына естілген үндерден ұғылатыны бір ғана сөз — ол «ән» деген ғана сөз. Көктемнің самал желі «ән» деп қана бебеу қағатын тәрізді, өзен бетінен қосағымен ұшқан қос қоңыр қаздың қаңқылы да алыстағы ән боп естіледі.


Әміре кең даланы басына көшіріп ән салады. Кейде «Жанботаны» айтып, Біржан боп жүрек сырын ақтара, озбыр әкімнің білек күшіне кектене шырқайды. Кейде, «Кұлагерге» басып, ат күйігі мен жан жарасына душар болған Ақанды көз алдына елестетеді. Кейде Естайдың «Қорланын» қоңыр дауысқа салып, ерекше әсермен қайырады, ән назы жас әншінің де жүрегін қытықтағандай болады. Кейде «Ағаш аяқты» шырқап кең даланы мүгедек адамның көңіл күйіне бөлейді.

Естаймен бірге өткен күндер Әміреге әншілік дипломын беріп кеткен тәрізді. Ол енді «Қара торғай» әнін де өзгеше үн, жаңа сазбен айтатын болды. Әміренің әншімін деп алғашқы рет сезінуі осы күндерден басталған еді. Бірақ, жүректі тербеген, қыялды кернеген сол өнерді жарыққа шығарудың жолы қайсы? Әр әнші дүниеге өз үні, өз жолымен келген екен. Сонда Әміренің әншілік жолы қай жерден басталмақ? Міне, талай әнді шырқағаннан кейін оның ойын оңға, ақылын алтыға бөлген осы болды. Талап пен талант барлығы, бірақ, өз бетінше оқшау шығып талпынуға дәрмен жоқтығы Әмірені қараңғы тұйыққа қамағандай.

11

Тосын кездескенде базаршы жұрттың бірін-бірі танып алуы да қыйын. Қоянды жәрменкесіне елден жыл құсындай ерте келетін саудагердің бірі Бөрібай болатын. Ол базар сырына көптен кәнігі. Сондықтан ол сауда жүргізуді де өзінше, өз тәртібімен ұйымдастырған. Сатушыларына есепшілерін, есепшілеріне дүкен бастықтарын, соңғыларға базарқұмар баласы Дәулетті бақылаушы етіп, өзі базар алаңына зауал ауа, жұрт аяғы басыла, тозаң сирей бастаған кезде, көбіне екінтіден күн еңкейе бастағанда шығатын. Жалдамалы адам-





рын қызмет орнына қарай бөлек жыйнап кеңес құра-
тын.

Сол әдеті бойынша Бөрібай бүгін де үш-төрт жерде мәжіліс өткізді, базар нарқын таразыға тартып, түсім мөлшерін шотқа қақты, кара нәсерлетіп біреулерге зекіді. Енді біреулерді арқаға қағып жарылқайтындығын мәлімдеді. Ақырында арақ-шарабын жамбасына басып фозтонға отырды да, атшысына пәтерге жүруді бұйырды. Әміре делбені қағып қалып, дүкен бұрышынан базар алаңына қарай бұрыла бергенде, бір атты кісі бұларды қапталдай шоқытып келе жатты. Ол фозтонға жанаса бере:

— Бөке, тоқтаныз! — деп дауыстады.

— Тоқтат! — деп Бөрібай да гүж ете түсті. Аттарды тоқтатып Әміре артына қараса, салт атты Бөрібайдың қасына келіп сәлемдесіп тұр екен. Әміре бетіне қарап еді, жігіт жылы шыраймен бұған да амандасты. Жаңа ғана тебіндей бастаған сирек мұртты, ашан жүзді, қараторы жігіттің Қарқаралы даласынан келген Қалибек екенін Әміре біраз ойланып барып есіне түсірді. Осыдан бір жыл бұрын Семей сауық кештерінің бірінде Қалибектің тақпақтап сөйлеп біреулерді мысқыл еткенін көрген болатын. Қалибек амандықтан кейінгі сөздерін Бөрібайға колқа салудан бастады:

— Бүгін осы базар алаңында сауық кешіміз болушы еді. Сізге екі тілекпен келіп тұрмыз. Біріншіден, сауық кешімізге өзіңіз келсеңіз екен. Екіншіден, мына атшыңыз әнші жігіт болушы еді, оның сауық кешіне қатысып ән салуына рұхсат берсеңіз екен.

— Жарайды, шырағым, сауық кештеріңізге өзім барайын. Ал атшы бала атың қарайды ғой, бара алмас.

— Атшыңыздың да келуін сұраймыз. Топ алдына шығып өз өнерін танытсын, басқалардан үлгі алсын.

— Базарға жұрт малы мен товарын сатса, сендер өлеңдерің мен өнерлеріңді сататын шығарсыңдар. Бұл кедейдің ақшасы жоқ, несімен барады?

— Сізден де, бұдан да ақша сұрамаймыз.

— Жарайды, келерміз. Арзанның сорпасы татымайды, қымбат қыяметке кетеді, дейтін едік біз. Тегін сауық ұйқыға хауіп болып жүрмесе, — деп, Бөрібай қарқылдап тұрып күлді.

— Кісі сатарын ғана сарапқа салады. Біз өлеңімізді де, өнерімізді де сатпаймыз. Сондықтан алдын ала мадақтамаймыз да. Келіңіз, бағасын сонан соң беріңіз. Әділ сыншы сырттан сын айтпайды дейтін еді ғой, көзбен көріп, құлақпен естімей тұрып жорамал жасауыңыз жөңсіз болмай ма, Бөке? Әміре әнші деген атаққа шығып жұрт аузына ілінсе, сізге де мәртеба емес пе?

— Маған атшым шен әпермей-ақ қойсын. Қолқанды келе көрерміз, — деп Бөрібай жүруге бұйрық етті.

«Сен саудагермен шын қалжыңдасудың реті келер», деп атының басын бұрған бетте Қалибек базар алаңына келді. Зәрубай мен Қали қастарына бірнеше жас жігітті ертіп алып сауық кеш жабдығына қызу кірісіп жатыр екен. Алаңның үш жерінен фонарь орнатылып, дәл ортасына биіктігі бір метр жалпақ тақтай мінбе қойылыпты. Оның қасына домбыра, гармонь, кобыз, олардан басқа да ойын жабдықтарын қоятын, жұқа тақтайдан жасалған үйшік салынған. Дайындық жұмысының біткенін көріп, Қалибек базар қаласын-

дағы ақын атаулыға кісі шаптырып жатты.

Лек-лек боп ағылған халық теңізге құйған өзендер тарамы тәрізді жан-жақтан топ-тобымен келіп базар алаңына тоқтап жатыр. Алаңға сыймағандары маңайдағы дүкендердің шатырына шығып алып, жұрттың төбесінен қарасып тұр. Тақтай мінбенің алдына қойылған екі-үш қатар орындықтар тізбегіне жәрменкеге келген бай мен саудагер, би мен болыстар келіп отырысты. Солардың ортасында көзілдірігін мурнының үшіне қарай сырып, жан-жағындағы жуандарға сүзе қарап амандасып, сары жалқын Бөрібай да отыр.

Алаң ортасына шейін Бөрібайға еріп келген Әміре, қожасын орындыққа қондырды да өзі сауықшылар тобына келді. Ол алғашқы бетінде дала санлақтарына ибамен амандасып, сырттанқырап тұрды. Танысым табылар ма дегендей әнші, күйші, өнерші, сықаққойлардың тобын сырттай шолды. Зәрубайдың оқыс қыймылдарына шек-сілесі қатып күліп тұрған Естайды көргенде, Әміренің бойын еркіндік билеп ілгері басты. Естай Әміренің қолын қысып амандасты да, Мұса қартқа, Мәди әншіге, Қали, Зәрубайларға таныстыра бастады.

— Басқаларың талай рет тойды бастап, жыйынды да ашып жүрсіндер ғой. Осы кешті Әміреге аштыралық, — деді Қалибек.

— Осы Қалибектің-ақ айтқаны болсын, — деп кезекті Әміреге беруге әнші біткеннің бәрі де келісті. Бұлардан оқшауырақ орындықта отырған Мұса қарт та жас жігіттің даусын естуге қумартты.

Мінбеге Зәрубай шыққанда, дуылдасып тұрған жұрт тына қалды. Мыңдаған көз Зәрубайға қадалыпты, ал, Зәрубай тастан қашап орнатқан мүсіндей мелшиіп тұр. Әлден уақытта ол оң мен солына алма-кезек шұғыл бұрылып, тындандар дегендей белгі беріп:

— Жас әнші Әміре ән салады, — деді де, «қық» деп қоянша ырғып, мінбенің алдына дік ете түсті. Оның ербең еткен қолы қарсы алдында отырған Бөрібайға тиіп кете жаздады. Әміренің өлең айтуын ұнатпай қабағын тыржыйтып отырған Бөрібай, Зәрубайдың қолынан сескеніп қалып, «қайтеді түгі» деп тыжырына күңк ете түсті. Бөрібай Әміреге өлең айтқызбай ертіп кеткісі келіп, орнынан тұруға ыңғайлана берді де, қайта отырып қал-

ды. Сауықшыл жігіттер мазақтап қуып жіберді деген өсекке ілінермін деп, қаншама ашу қысса да төзіп бақты. Бірақ, ішінен бұлқай-талқан болып отырғанын оның сырын білгендердің талайы жүзінен аңғарған еді.

Мінбе үстіне шыққан Әміре Бөрібайдың бетіне қарамауға тырысты. Көзіме-көзі түсіп кетсе, мазамды кетіретін деп, әнді еркін айтуыма кесірін тигіздер деп ойлады Әміре. Зәрубай айтатын әнінің атын атамай кеткендіктен, қай әннен бастап кетудің таңдауы әншінің өз билігіне берілген еді. Әміре «қай әнді айтсам екен?» деген ойда отырып алаңдағы халықтың жалпы көрінісін бір шолып өтті де, оң жағына бұрылды. Бұлсыз аспанға төбесін тіреп, айсыз түнде көк жиектен жоғары өрмелеп келе жатқан бұлт сыяқты боп алыстан көрінген Қарқаралы тауы, оған иек арта тұрған Саржал, Қоянды тауларына көзі түскенде, Әміре бүгінгі сауық кешін ашатын әнді енді ғана тапқандай болып, гармоньның ыйығына ілуі бауын жоғары көтеріп қойды. Бұл көрініс әншіні Абай әндерінің арнасына алып кетті. «Қараңғы түнде тау қалғып» деп басталатын әнді құлашын кере тартқан гармонь үніне қосып, түн түндігін желпіп тастарлық қуаты бар арынды үнмен даусын төгілте жөнелді.

«Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап...»

деген сөздер әншінің толқынды үніне тоғыса шыққанда, тыңдаушы жұрт теңіз толқынының серпініндей толқып, оңтүстікте мунартып тұрған Қарқаралы тауларына қарасқан еді. Бірақ, әншінің жүрек сезіміне бәленіп, ұйқыдағы тауды тебіреніп шыққан арынды үні, тыңдаушы жұрттың назарын қайтадан Әміреге аударған болатын. Әміре әннің «тыңығарсың сендағы, сабыр етсең азырақ» дейтін соңғы сөздерін дала әндерінің шарықтаумен бітетін қайырмасынан бөлекше үнмен, даусын бірте-бірте бәсеңдетіп, өзгеше бір мәнермен бітірді. Ән аяқталғанда «Ой пәлі!», «Міне ән!», «Шын әнші мұнда екен ғой!» — деген дауыстар жазғы кештің тұнық аспанын жаңғыртырып жіберді. Әншінің дидарын жақынырақ барып көргісі келген халықтың арасынан бірін-бірі кимелеп, әр жерден «кеудем қысылып барады», «өлтірмісіңдер» деген дауыстар да естіліп жатты. Әміре жаршы сөзін күткен жоқ, «Жыйырма бесті» шырқап кетті. Әнші даусы бұл жолы дала әндерінің дәстүріне көшті. Тынық түнде жаңғырыға шыққан зор дауыс нелер қыйыр алыстарға жетіп жатыр, Қарқаралы даласын ән топаны селдетіп жібергендей. Әнші адамның жастық шағымен қоштасу сезімін әндегі сөздермен емес, соншалық әсерлі үндермен баяндайды. «Жыйырма бес қайта айналып келмес саған» деген сөздер Әміренің айтуын да көңіл күйінің өкінішін жүрек толқуы арқылы жеткізгендей. Ән аяқталғанда Әміреге алғыс айтпаған жан болған жоқ. Жаяу Мұса ақ орамалымен көзінің жасын сүртіп, баспалдақтан төмен түсіп келе жатқан жас әншіні құшағына қысып маңдайынан сүйді. Естай да, Қали да, басқалары да Әміренің қолын алып, құшақтарына қысып құттықтады. Бұл кезде «Әміре тағы айтсын!», «Тағы да Әміре айтсын!» деген дауыстар шығып жатыр еді. Жұрттың тілегіне жауап беру үшін мінбеге тағы да Зәрубай шықты.

— Халайық, сабыр сақтандар. Әміре біраз демалсын. Кәзір Байжанның Қалиы ән салады, — деп, ол Бөрібайдың қарсы алдына тағы ырғып түсті.

— Әміреден бұрын айтуым керек екен. Жаңа ғана дарқан әншіні тыңдаған жұрт, маған құлақ қояды деймісің, — деп, Қали Естайға шын сырын айтып, топ алдына шығуға жүрексініп тұр.

— Әміреден кейін ән салу бәрімізге де қыйын. Бірақ,

сенің де тыңдаушың табылады. Кезегінді өткізбе, жұрт күтіп қалар, — деп Естай тоқтам айтты.

Қали домбыра үнін күмбірлете шығарып, ән толғауын көмейден тастап, даланың қоныраулы әндерінің бірі — Ақанның «Сырымбетін» шырқады. Қалидан кейін Естай өзінің «Қорланын» айтты. Қемеші келсе, қайықшы судан таяр, дегендей бұрын атағы шығып қалғандығы болмаса бұл екі әнші Әміредей әсер қалдыра алған жоқ.

— Ендігі кезек Мәдидің Мәдиіне беріледі, — деп Зәрубай баспалдақтан көтеріліп келе жатқан сұлу қара мұртты, шағын ғана шаршы депелі жігітті нұсқады. Әнші жігіттің жалт еткен көз жанары аспалы шамның сәулесіне шағылысып, бұрынғысынан нұрлана түскендей. Мәди «өз әндерім де жетеді» дегендей, бөгде ән салған жоқ, өзінің «Қаракесек» әнін домбыра сазына қосты. Әннің басталуындағы әсерлі үн тыңдаушының жүрегінен ерітіп барған сайын бойды балқытып барады. Әнші даусы біртіндеп жоғары нотаға көшті, шын басына шарықтап қанат қаққан қырандай екпіндей түсті.



Мәди әндері әсересе Әміреге өзекті ойлар салып, өзге әсер еткен еді. Ол Мәдидің үнділігіне таңданған жоқ, айту шеберлігіне разы болды. «Айғай ән емес, шын әннің өзегінде арман мен ой толқыны жатады екен-ау» деп, түйді Әміре.

Шағыры — аспан, партері — базар алаңы, ложасы — дүкен шатыры болған дала театрының ішін көп актылы комедияға бергісіз, тамаша күлкі кернеп кетті. Қарқаралы тауларын тебіреніп сол күлкі Бөрібайды қаңбақтай үйіріп әкеп пәтеріне тықты. Бүгінгі сауық кеші кәгаз бетіне түспеген тамаша комедиямен аяқталды. Көше бойларын кіршіксіз таза күлкіге бөлеп, жыйналған жұрт үйді-үйіне тарасты. Сауықшылар тобына еріп Әміре де күліп кетті...

(Жалғасы бар).

САБАҚҚА ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК

Оқушылар сабаққа дайындалу үшін алдымен қай мезгілде дайындау керектігін жақсы біліп алу қажет.

Таңертеңгі сменада оқыйтын оқушылар сабақтан шыққаннан кейін екі сағат демалғаны жөн. Сонан соң ертеңгі сабақты дайындауға кірісуі керек. Мысалы, таңертеңгі сағат 8-ден 2-ге дейін сабақта болсаң, үйге қайтқан соң екі сағат демалсаң, сағат төртте сабаққа дайындалуға кірісесің. Бұған 4 сағаттай уақыт бөлуге тиіссің. Содан соң сағат кешкі 8-ден бастап ұйқтағанша дойбы, шахмат ойнаумен, көркем әдебиет оқу сыяқтылармен шұғылдану пайдалы.

Сабаққа дайындаларда ең алдымен терең ой жіберіп, өздігіңнен жұмыс істеуді керек ететін қиын пәндерді дайындау керек. Екінші сөзбен айтсақ, арифметика есептерін шығару, грамматикадан сөйлемдерді талдау, ойдан сөйлем жазу жұмыстарын орындау, әдебиеттен мазмундама жазуға дайындалу, карта немесе таблица жасау, схема сызу тағы сол сыяқтыларды қолға алған жөн.

Бұларды бітіргеннен кейін кітаптан оқыйтын пәндерді дайындау керек. Атап айтсақ: әдебиеттен, тарихтан, географиядан, жаратылыс тану тағы басқа пәндерден берілген тақырыпты зейін салып оқып, түсініп, мұғалімнің класта айтқанына қосымша мәліметтер алу керек.

Оқушылар өздігінен дайындайтын сабақтарына алдын ала әзірлік жүргізулері керек. Ол үшін ең алдымен терең ойланып, тапсырманың мазмұнына жақсы түсінгеннен кейін жай қағазға жобалап жазып алуға тиісті. Мәселен, арифметикадан есеп шығарарда арифметика есептерін шығарудың негізгі жолдарын, ауызша және жазбаша есептеудің техникасын қолдану, сонымен бірге мұғалімнің түсіндірген ережелерін еске түсіру, қандай жолмен шығарса, есеп оңай шығатынын ойланып алу қажет. Содан соң барып есепті шығаруға кіріскен жөн. Сөйтіп, әбден шығарып алғаннан кейін ғана таза дәптерге көшіруге болады.

Тіл сабағына дайындалу үшін мұғалімнің класта айтқанын еске түсіру қажет. Содан соң кітаптан оқыйтын қосымша материалды оқып, сол тақырыпты жақсы меңгеріп алу шарт, керекті ережелерді әбден ұққан соң үйге берілген тапсырманы орындауға кірісу керек. Сол тапсырманың мазмұнына қарай не істеу керек екенін байыптап алу қажет. Егер кітап бойынша жаттығу берілсе де, алдын ала осылай байыптап алу керек болады. Айтайық, бұл жаттығу жазбаша түрде талдау болса, дәптерге көшіріп, керекті мүшелердің, не сөз таптарының, болмаса сөз бөлшектерінің астын сызып отырып талдау керек. Ауызша талдау керек болса, жаттығуды екі-үш рет оқып шығып есте қалдыру керек.

Кітаптан оқып дайындалатын әдебиет, география, тарих, жаратылыс тану тағы басқа сабақтарды әзірлеу үшін алдымен мұғалімнің сабақ үстінде түсіндірген жаңа материалын еске түсіріп алу шарт, сонан кейін

мұғалімнің оқып келіндер деп көрсеткен тақырыптарын түгел оқып, сабақ үстінде түсінгенді толықтыру керек. Бұлай оқудың негізгі мақсаты — оқып түсінген материал мен кластағы түсінген материалды жыйнақтап қорытып, екеуін байланыстыра отырып, өз сөзіңмен айтып беруді көздеу болып табылады. Мысалы, тарихтан оқығаның маңызын, қай жерде, қай уақытта болғанын, тарихи жағдаймен байланыстырасың, географиядан жер тану, еліміздің жаратылыс байлығын тану, картадан көрсете білуге жаттығасың. Әдебиеттен мәнерлеп оқу, әдеби шығармалардың мазмұнына түсініп айтып беру, ақындардың қысқаша өмірімен танысу жағын ойластырасың. Оқушылардың түсінгенін дұрыс айтып беру үшін атакты педагог Коменский олардан мынаны талап еткен болатын: әр оқушы тек оқығанын ғана білуге тиіс емес, онан көбірек білуге тиіс. Мұғалімнен естіп және кітаптан оқып білгенін сөзбе-сөз айтып беруі жеткіліксіз. оқып білгендерін өз сөзімен қорытып айтып берерліктей болуы керек.


Сабақты жақсы түсініп оқу үшін сабақ үстінде оқушы мұғалімнің айтқандарын зор ықыласпен белсене тыңдауға және өздігінен жұмыс істеуге үнемі дағдылануға міндетті. Әр оқушы өзінің оқыған, тыңдаған материалдарынан қортынды жасай білуге тиісті. Мұғалімнің класта түсіндіргенімен қатар, үйде сол тақырыпқа арналған материалды оқудың маңызы зор. Ол тақырыпты оқығанда жай ғана мұғалімнің айтқанын қайталау деп қарап үстірт оқуға болмайды. Оқушы өз бетімен оқығанда қосымша көп білім алады. Сондықтан мұғалімнің кластағы түсінігіне арқа сүйсеу, үйде дайындалуға жете көңіл бөлмеу оқылатын пәнді терең түсінбсуге әкеліп соғады. Сабаққа үйде дайындалу сол кластағы сабақтың жалғасы болып табылатынын оқушы ұмытпау керек.

Сабаққа дайындалғанда әр оқушы ең алдымен өзі оқып түсінуге әдеттенуі қажет. Бірігіп дайындалу, біреуге иек артып алу көп жағдайда пайдасыз боп шығады. Өзің зейін қойып оқу көпшілікпен бірге оқығаннан гөрі ақыл-ойдың дамуына және тақырыпты ойланып терең түсінуге пайдалы болады. Кейде оқушы түсінгенін дауыстап айтып, өзінің дайындығын тексеруіне болады.

Мұғалімнің әр сабақтан берген тапсырмаларын түгел орындаған оқушының дайындығы толық дайындық бола алады.

Күнделік сабаққа үзбей дайындалып, осы жоғарыда айтылғандарды орындаған оқушылар ғана тынақты терең білім иесі бола алады. Сонымен қатар күнделікті сабаққа үзбей дайындалудың сынақ берерде немесе емтихан тапсырарда үлкен пайдасы бар.

*И МАЦИН,
Қазақ ССР оқу министрлігі ғылыми
методика кабинетінің меңгерушісі.*



С. ОМАРОВ.

ЕДІЛ-ДОН

Елімізде кең арналы, жайқын сулы талай-талай үлкен өзендер бар. Солардың ішінде Еділ мен Дон өзендерінің орны өзгеше. Орыс халық жырларында, ертегілерінде Еділ — анамыз, Дон — атамыз деп бекер айтылмаған.

Еділ сонау солтүстіктегі Ақ теңізден басталады да, ұзаққа созылып келіп, Азияның нақ төскейіндегі Каспий теңізіне құяды. Бакудің мұнайы, Еділ бойындағы колхоздардың астығы тиелген кемелер керуені Еділ өзенімен жоғары өрлеп, дамылсыз жүзуде болады. Солтүстік ормандарында дайындалған құрылыс ағаштары да көбінесе осы Еділ арқылы ағызылады.

Еділ Европадағы ең үлкен өзен болғанымен, оның бір үлкен кемшілігі — мұхитқа шығар жолы жоқ. Еділді мұхитпен жалғастырып бес теңіздің — Ақ, Қара, Балтық, Азов, Каспий теңіздерінің арасында қатнас жасау халқымыздың көптен бергі арманы еді. Бұл игі істі совет халқы ғана бастай білді. Владимир Ильич Ленин 1918 жылы каналдар қазу жобасын жасау туралы Халық Комиссарлары Советі мәжілісіне арнаулы мәселе қойды. Осыдан былай қарай теңіздерімізді бір-бірімен жалғастыру жұмысы ойдағыдай шешіліп келеді.

1938 жылы Ақ теңіз бен Балтық теңізінің арасында ұзыны 227 километрлік үлкен канал қазылды. Бұл канал — совет адамдарының теңіздерді бір-бірімен жалғастырудағы бірінші қыймылы еді. Ол бітісімен И. В. Сталин жолдастың ұсынысы бойынша, Москва өзені мен Еділ өзенін қосатын ұзыны 128 километр канал қазылды. Ол Москва атындағы канал деп аталды. Еділдің жоғарғы жағындағы Ивановково деген жерден үлкен бөгет салу арқылы, Еділ суы 17 метр жоғары көтерілді. Мұның арқа-

сында аумағы 327 шаршы километр «Москва теңізі» пайда болды. Бұл канал Москваны теңіздермен тікелей байланыстырады. Осыдан кейін бір кезде өзендер мен теңіздерден сырт тұратын астана «теңіздер торабына» айналды.

Еділ — Дон каналы, міне сол үлкен құрылыстардың жалғасы. Еділ мен Дон арасында канал қазуға совет адамдары 1948 жылы шұғыл кірісті. Бұл жылы еліміздің тарихында елеулі кезең болды. Ол жылы елімізде табиғатты өзгертудің Сталиндік ұлы жоспары жасалды. Қуаншылық аудандарда орман алқаптарын жасау, даланы мәуелі бау-бақшаға айналдыру ісі қызу жүргізілді.

Сталинградтың оңтүстігінде, Еділ жағасында Красноармейск деген қала бар. Сарпа деген кішкене өзен осы арада Еділге құяды. Еділ — Дон каналы дәл осы жерден басталады да, Сарпа өзенінің бойымен Сарпа көлдеріне шейін қыйыстап барып, батысқа, Тундутьво станциясына қарай жалт бұрылады. Осы станцияның тұсында биік қырат бар. Канал осы қыратты қажарып өтіп, Донның тараулары — Червленая, Карповка өзендерін бойлап барып, Калач қаласына жетеді де, Дон өзенімен ұштасады. Сонда каналдың ұзыны 110 километр болады.

Еділ — Дон каналы қазылып жатқан жер бұрын елсіз дала болатын. Жусан, тікеннен басқа тіс шұқырлық өсімдігі, жалғыз бұта ағашы жоқ, сортаңды атырап еді. Жүздеген селолар жазық даладағы Карповка сыяқты мардымсыз шағын өзендердің бойын мекендейтін. Сталинградтың оңтүстігі мен батысындағы өңір географиялық оқу құралдарында да шөлейт дала аталып келді.

Бұл жерге совет адамдары ғана жан кіргізіп, үлкен өмірдің «қан тамырын» соқтырды.

Мұнда каналмен қатар, су тораптары, қуатты су электр станциялары, темір жол, автомобиль өтетін көпірлер, порттар, кеме тоқтайтын орындар, сәулетті жаңа қалалар мен поселкалар салынып жатыр.

Еділ — Дон каналының құрылысы аса қуатты машиналармен жүргізілуде. Жер қазатын керемет машиналар, алып экскаваторлар және басқа машиналар құрылыстың қарқынын тездетті. Мысалы, жер қазатын машина ұзыны 65 метр, тереңдігі 16 метр жерді бірден қопарады.

Кәзір Цимлянск станциясы маңында ұзыны 13 километрлік алып су бөгеті салынып бітті. Ол бөгет Цимлянск су қоймасына 12,6 миллиард текше метр су толтырып, айдын теңіз жасайды. Ол — «Дон теңізі» деп аталады. Бұл жана «теңіздің» ұзыны 180 километр, көлденеңі 30 километр болады. Мұнда 160 мың киловатт қуаты бар Цимлянск су электр станциясы салынады.

Су электр станциясы сол төңіректегі аудандарды арзан электр қуатымен қамтамасыз етеді. Цимлянск су қоймасынан тармақталып шығатын бірнеше орман арықтар шөлейт жерлердің шөлін қандырып, бау-бақшалы, құнарлы өлкеге айналдырады. Сөйтіп, Ростов, Сталинград облыстарының 750 мың гектар егістік жері суарылып, 2 миллион гектар шөл даласы суландырылады.


Еділ — Дон каналы біткеннен кейін, Ақ, Балтық, Каспий теңіздерін Азов теңізімен, Қара теңізбен үлкен су жолдары арқылы жалғастыру жөніндегі ұлы жоспар толық жүзеге асады.


Балалар, біздің Ұлы Отанымыздың болашағы қандай тамаша десендерші! Бір алып құрылыс бүгін салынып бітсе, ертең әлде неше алып құрылыс салына бастайды. Көп ұзамай, талай кереметтер жасалады, әлі. Шығыстағы Лена, Енисей, Обь, Ертіс және басқа үлкен өзендер бірімен-бірі каналдар арқылы ұштастырылады. Олар Шығыс, Батыс Сибирдің және Қазақстанның ұлан-байтақ жерлерін суға кенелтеді. Дәлірек айтқанда, Обь пен Ертіс өзендерін теріс ағызып, дегенімізге көндіреміз. Сонда кәзір жаңбырды аспаннан күтіп, ол болмағанда, қуаңшылыққа жиі ұшырайтын жазық даланың шөлі әбден қанады. Әсіресе Қазақстанның сонау Алтай тауларынан бастап Арал теңізіне шейін, одан әрі Каспий теңізіне шейін созылып жатқан кең өңірі мәуелеген бау-бақшаға айналады, бітік егінге бөленеді. Бұл жаңа қонысқа әдемі жаңа қалалар, ірі завод, фабрикалар орнайды.

Қазақстан картасына көз салындаршы. Республикамыздың нақ төскейінде шексіз Бетпақ дала жатыр. Бұл өлкенің табиғатын жанартып, ел игілігіне айналдыруды партиямыз бен үкметіміз бүгін күн тәртібіне қойып отыр. Енді бірнеше жылдан соң бұл шөл дала деген белгілер

де карта бетінен бір жола өшеді. Біздің сүйікті әкеміз кеменгер И. В. Сталин, еліміздің бірде-бір жерінде құрғақшылық болдырмаудың ұлы жоспарын жасап берді. Ол коммунизмнің ұлы құрылыстары деп аталады. Ол ұлы құрылыстар біздің кең-байтақ Отанымызды тегісімен бау-бақшаға бөлейді, егіні бітік, суы мол дарқан елге айналдырады.

Коммунизмнің кәзір қызу салынып жатқан ұлы құрылыстарының бірі Еділ—Дон каналы. Бұл алып құрылыс үстіміздегі жылдың аяғында салынып бітеді. 1952 жылдың көктемінен бастап жана каналды бойлап кемелер жүретін болады. Сөйтіп, халқымыздың бес теңізді бір-бірімен жалғастыру жөніндегі езгі арманы орындалады.





ТАМАША КАТОК

Мұз айында сырғанақ тебу — қысқы спорттың жұрт арасына көп тараған түрі. Айнадай жалтыраған мұз айдында ұршықтай үйіріліп, зымырап жүру қандай рахат десеңші!

Конькимен сырғанақ тебу үшін арнаулы мұз айдыны — каток жасалады. Мұндай үлкенді — кішілі катоктар елімізде өте көп, әр қалада, әр селода, әр мектептің дерлік ауласында бар. Совет жастары, спорттың басқа түрлері сияқты, бұл түрімен де құмарта шұғылданады. Коньки тебу жөніндегі барлық жержүзілік рекордтардың иесі — совет конькишілері болуы да сондықтан.

Бірақ бұған дейін біздің елімізде биік тау аңғарында жасалған каток жоқ болып келді. Өткен, февраль айында Алматыдан 18 километр жерде, Медеу аңғарында тұңғыш биік тау катогі жасалды. Бұл мұз айдыны теңіз бетінен 1650 метр биіктікте мөлдір тау суынан қатырылды.

Басқа катоктармен салыстырғанда, бұл жаңа катоктың көптеген артықшылығы бар. Біріншіден, соры, тұзы жоқ, таза тау суынан қатқан мұз сырғанауда көп жеңілдік тудырады. Екіншіден, жаңа каток жел тимейтін тау қойнауында орналасқан. Медеу катогінің бұл артықшылықтары, алғаш ашылған күні-ақ көзге түсіп, конькишілерді зор табысқа жеткізді.

Биік тау катогінде жарысқа түсу үшін Москвадан, Ленинградтан, еліміздің және басқа қалаларынан коньки тебу өнерінің ең күшті шеберлері келді. Екі күнге созылған жарыста дүниежүзілік рекордтардың таблицасына көптеген жаңа өзгерістер енгізілді. Ленин қаласынан келген спорт мастери София Кондакова 500 метр жерді 47,5 секундте конькимен жүгіріп өтіп, дүниежүзілік рекорд жасады. Бұл қашықтықты бұған дейін ішкім мұндай шапшандықпен жүгіріп өткен емес.



С. Кондакова, М. Исакова, Т. Карелина.

Жарысқа қатысу үшін дүние жүзі чемпионы атағын үш рет алған, спортқа еңбегі сіңген мастер Мария Исакова да келген еді. Мың және мың жарым метр қашықтыққа жүгіруде Мария Исаковадан озған ешкім болған жоқ. Жарысқа түсуші әйелдер үшін 3000 метр жерге жүгіру ауыр сын болды. Бұл қашықтықты спортқа еңбегі сіңген мастер Татьяна Карелина (Свердловск қаласынан) 5 минут 26,7 секундта өтіп, бұған дейінгі дүниежүзілік рекордты 2,4 секундқа жақсартты.

Жаңа катокта болған жарысқа еркектер тобы да үздік нәтижелерге ие болды. Әсіресе спорт мастери В. Прошин ерекше көзге түсті. Ол 1500 метр қашықтықты 2 минут 17,2 секундта жүгіріп өтті.

Барлық қашықтыққа жүгіруде әйелдерден Татьяна Карелина, еркектерден спортқа еңбегі сіңген мастер К. Кудрявцев бірінші орынға ие болды.

Мұз айдынына асқан шеберлермен бірге мектеп оқушыларынан Дәурен Сембаев пен Римма Ганшина шықты. Дәурен 1000 метрге жүгіруден республикалық рекорд жасады.

Спортқа еңбегі сіңген мастер Мария Исакова Алматыда болған күндерінде, астана пионерлерімен кездесіп әңгімелесті. Ол Қазақстан балаларына: мен үлкендермен бірге балалардың да жүйрік конькиші болуын тілеймін. Коньки тебу спорттың ең қызықты, пайдалы түрі. Конькиді жақсы тебе білңдер, — деп апалық ақыл айтты.

Астанамызға таяу жерде биік тау катогі жасалуы, онда ең күшті конькишілердің жарысы өтуі — республикамыздың спорт өміріндегі елеулі оқыйға болды. Еліміздегі тұңғыш биік тау катогінің келешегі өте зор. Мұнда жыл сайын Бүкілодақтық коньки жарыстары өтіп тұрады. Бұл каток совет конькишілерінің шеберліктерін арттыруына сөзсіз себеп болады.



Гурьев облысы, Маңғыстау ауданы. Аусары бастауыш мектебінің оқушысы Ш. Оразбековтың сұрауына жауап

ЖЕМІС АҒАШТАРЫН ҚАЛАЙ ОТЫРҒЫЗУ КЕРЕК

Еліміздің табиғатын өзгертуде үлкендерге қолқабыс көрсетіп, жас мичуриншілер жеміс ағаштарын жыл асқан сайын көптеп өсіріп келеді. Олар мектеп жанындағы тәжірибе участогінде жеміс ағаштарын отырғызуды, бұл ағаштарды күту тәсілдерін мектепте өздері ұйымдастырған жас мичуриншілер үйірмесінде үйренеді. Ұлы табиғат өзгертушісі И. Мичуриннің және оның шәкірттерінің еңбектерімен танысады. Биологиядан алған білімдерін тереңдете түседі.

Отанымызды гүл-бақшаға бөлеу ісіне балалар да белсене атсалысуда. Бұрын жеміс ағаштары өспеген жерлерде өз қолдарымен жеміс ағаштарын өсіргісі келеді. Бұл жөнінде олар редакциядан кеңес сұрап, көп хаттар жазады. Біз бұл мақаламызда жеміс ағаштарын отырғызу жөнінде кеңес бермекпіз.

Жеміс ағаштары әдетте қара топрақты, сұрғылт топрақты жерге немесе тоғайлы, шабындық жерлерге отырғызылады. Ағаш отырғызуға ең жақсы жер-көң, шірік заттарға бай кұмайт жер. Ағаш отырғызылатын ауданның жер бедері тегіс немесе сәл дөңестенген болуы керек.

Жемістен мол түсім алу үшін өмірбойы оған үнемі біркелкі қалыпта қорек беріп отыратын жеткілікті аумағы болсын. Ол үшін жеміс ағаштарының аралығы белгілі мөлшерде болғаны жөн. Жиі отырғызылған ағаштарды күту де қыйын болады, жарық пен қоректің тапшылығы өсімдіктің өсуіне бөгет жасайды. Сондықтан жеміс ағашын еккенде шаршы немесе тік бурышты аумақта, аралығын 10×8 ; 8×8 метрден отырғызу қажет. Ағашты отырғызар алдында жерді 40—50 сантиметр тереңдікте соқамен жыртады. Сөйтіп тоprak қопсыланады да, жоғарғы, қорек заты молырақ қабаты алмаса келіп, ағаштың тамыры жайылатын төменге түседі. Мұнымен бірге жыртылған жер түрлі тыңайтқыштармен өңделеді. Терең жыртылып, топрағы қопсытылған осындай жерде тамырлар жан-жаққа еркін жайылып өседі.

Жерді жыртып, тырмалап болғаннан кейін, тереңдігі 60—65 сантиметр, диаметрі 1—1,25 метр шұңқыр қазылып, оған ағаш отырғызылуға тиіс. Жеміс ағашын көктемде де, күзде де отырғызуға болады. Күзгі ағаш отырғызуды тоң түсуден 20—25 күн бұрын, ал көктемгі ағаш отырғызу жұмысын бүршігі өспей тұрып аяқтау қажет.

Питомниктен шыбықты қазып алғанда, тамырдың зақым келген жерін қайшы немесе өткір пышақпен кесіп тастайды. Отырғызылатын ағаштың тамыры күн көзінде немесе жел өтінде қалдырылмауға тиіс, өйткені олар тез кеуіп, солып қалады. Бір жерден екінші жерге апарғанда, ағаштың тамырын дымқыл шүберекпен орап апару керек. Қазылып алынған ағашты отырғызғанша, жерге көме тұру қажет.

Ағашты өте тайыз да, өте терең де отырғызуға болмайды. Ағашты тоprak басыла келе, тамырдың жоғарғы белдеуі жоғарғы қыртысқа жетер-жетпес болып тұратындай етіп отырғызу керек. Өте терең отырғызылса, ауаның өсуіне бөгет жасайды, ауаның кемдігінен ағаш нашар өсетін болады. Ал, өте тайыз отырылса, тамыр жалаңаштанып қалып, ағаш кеуіп өспей қалады.

Қазылған шұңқырдың түбіне қағылған қаданы айналдыра әуелі жұмсақ тоprak себіледі (Суретті

қара). Жеміс ағашын екі адам отырғызады. Біреуі ағашты ұстап, тамырын жөндесе, екіншісі шұңқырға тоprak тастайды. Шұңқырға отырғызылған ағашты айналдыра топрақты тастай отырып, үстінен таптай беру қажет. Ал, ағашты ұстап тұрған адам тамырдың үстіне кесек тоprak түспеуін, тоprak арасында кеуек жер қалмауын бақылайды. Бұл үшін топрақты тастаған сайын ағашты ырғап тұру керек, тоprakпен көміп болғаннан кейін, оны таптап тығыздайды. Toprak дымқыл болса, қатты таптауға болмайды. Toprak тым тапталып кетсе, ағаштың өсуіне зиянды әсер етеді.


Ағаш отырғызылып болғаннан кейін, жер суғарылады. Алғашқы жылғы жаздың бірінші жартысында ағаш 2—3 рет суғарылады, ал екінші жартысында одан да аз суғарылуға тиіс. Бірінші суғарылғаннан кейін ағашты айналдыра көң немесе жер тезек себіледі. Бұл қосымша дымқылдық береді де, ағаштың айналасындағы жер бетін қабыршақтанып, қатып қалудан сақтайды.

Жаңа отырғызылған ағаш өте нәзік болады. Олар біржақты соққан желден қыйсайып қалуы мүмкін. Сондықтан ағаш отырғызылғанда тұзу өсуі үшін онымен бірге қада қағылады, ағаш осы қадаға байланады.

Алғашқы жылдарда жеміс ағаштарының аралықтарына жидек егуге болады. Бұдан былайғы ағаш күтіміне топрақты өңдеу, суғару, зиянды жәндіктерге қарсы, ағаштың қурауына қарсы күрес жүргізу, тұзу өсуін бақылау, әктеу тағы сондай шаралар кіреді.

М. Р. ЕРЕМЕНКО,

Қазақ ССР Ғылым Академиясының республикалық мемлекеттік ботаника бағының ғылыми қызметкері.





Біздің отряд

Мен быйылғы оқу жылының басында В. П. Чкалов атындағы 14-отрядқа (5 «д» класы) вожатый болып белгілендім. Оқушылармен таныса келсем, біздің класта елеулі кемшіліктер бар екені байқалды. 10 пионер сабақты үлгірмейді екен.

Жұмысты неден бастау керек? Әр звеноның жұмысы қолға алынды. Жұмысты қалай істеу керектігі жайында кеңестік. Отряд жыйынына класс жетекшісі мен аға пионер вожатый қатысып, пионерлер арасында жұмысты қалай жүргізу керектігін түсіндіріп, ақыл берді.

Олар жұмыс жоспарын жасауымызға да көмектеседі. Бізде жұмыс алдын ала жасалған жоспар бойынша жүргізіледі.

Отряд, әсіресе, сабақты нашар үлгірушілерге көңіл бөледі. Аптасына бір рет сабақты үлгірмеушілермен әңгіме өткізіледі. Үздік оқушы пионерлер нашар оқушыларға ылғый көмектеседі. Сонымен қатар, әр пионерге, оның ішінде сабақты үлгіре алмайтын пионерге қатаң талап қойылады. Олардың өздігінен ізденіп еңбек етуге, білім алуға ой жұмсай білуге баулыды. Пионерлер арасында кемшіліктер кездесе, дереу сынға алынады, жыйында талқыланады, «Бақытты балалық» атты қабырға газетіне жазылады.

Отряд жұмысы едәуір жақсарды. Бұрын екілік баға алушы пионерлер кәзір жақсы үлгіре бастады. Оқу жылының алғашқы жарты жылдығын көп пионерлер беске, төртке оқып аяқтады.

Отряд вожатыйы
С. ЖАҚСЫБАЕВ,
Павлодар қаласы, 10-мектеп.

Мектеп бақшасында

Ол бұдан үш жыл бұрын еді. Бір күні сабақтан кейін мектеп директоры Әмір Әбдісаттаров оқушыларды шақырып алды да:

— Біз мектебіміздің айналасын бау-бақшаға бөлеуді ұйғарып отырмыз. Сендер қалай қарайсыңдар? — деді.

Оқушы пионерлер бұл бастаманы қолсоғып қарсы алды.

Осыдан кейін демалыс күні оқушылар үйлерінен күрек, кетпен

Ұйымшылдық нәтижесі



Мен ән салуды, хорға қосылуды жақсы көремін. Жалғыз мен емес, біздің мектепте бұл өнермен шұғылданғысы келетін пионерлер көп. Біз өнерімізді дамыту үшін үйірмеге қатысуды мақұл көрдік. Алғашқы кезде үйірмеіміздің жұмысы мәз болмады. Өйткені музыка аспабы жетіспеді.



Әдебиет үйірмесінде

Бізде физика, химия, математика, тіл-әдебиет үйірмелері жұмыс істейді. Бұл үйірмелер сабақты

сыяқты құралдарын ала келді. Мектеп айналасын гүлдендіру ісі қызу қолға алынды. Көптеген ағаш отырғызылды. Содан бері бұл жұмыс жыл сайын қызу жүргізіліп келеді. Өткен жылы 120 түп алма ағашы отырғызылды. Бұдан басқа да көптеген жеміс ағаштары өсірілді.

Мектептің айналасы бұрын ғақыр жер болса, кәзір бау-бақшаға бөленді.

Мектеп жанындағы участканы жақсарту беру ісіне биология сабағының оқытушысы Т. Саурачов басшылық етеді. Ол кісі жас мичуриншілерге ақыл беріп, үнемі нақты көмектесіп отырады.

П. ЕГЕМБЕРДИЕВ,
Шымкент ауданы, Атбұлақ мектебі.

Біз өзара ақылдаса келіп, музыка аспаптарын аудандық магазиннен өз ақшамызға сатып алуды ұйғардық. Мен мандолина сатып алдым, IV-класс оқушысы Теңлік Баймолдина да мандолина алды. Машират Еспаев пен Қайрат Тілемісов екеуі екі домбыра сатып алды. Сөйтіп мектепте музыка аспаптарын толықтырдық. Үйірмеіміздің де жұмысы жақсаруға толық мүмкіншілік алдық.

Кәзір мектепте, колхозда ойынауық көрсетіп тұрамыз.

Т. АБДУЛЛИНА,
Шұбартау ауданы, Киров атындағы орта мектеп.

жақсы игеруімізге зор пайдасы тиіп отыр. Үйірмелер арқылы көп мәселені біліп аламыз, арнаулы тақырыпта баяндама жасау үшін оқыймыз, ізденеміз.

Таяуда 10-класс оқушысы Фабиатов Абай туралы баяндама жасады. Үйірме жыйналысы өте қызықты болып өтті.

Ә. ОМАРОВ,
Үржар қазақ орта мектебі

ҰРЫС АЛДЫНДАҒЫ ТҮН

Те Ги чен

КОРЕЙ АҚЫНЫ


Тұман басқан қаланы,
Түн қараңғы қорқыныш.
Жерге еніп бейне барады
Имиген үйлер тым-тырыс.
Кенеттен от жарқ етті,
Қараңғыны қақ жара,
Бұрыштан зулап оқ кетті,
Ауаны тіліп долдана.
Иесу порты еді бұл,
Азаттық үшін айқасқан —
Халқы жасап ереуіл,
Көмірше жанып жатты аспан.
Боялған халық қанымен
Республика жалауы,
Сілтеніп бақыт заңымен,
Басталды шайқас, түн ауды.
Жауыздықты қорғасын
Күйретіп жатты көмірдей
Соқты жүрек... Соқ! Ашын
Корейдің бүкіл кегіндей!
Кісі өлтіргіш, қаракшы
Малайлары доллардың,
Түндей қара албасты!
Қара жерге жолдармын.
Тәулікке таяу жасырын
Тұрған мектеп алдында,
Жүк маңина зуалады,
Тиеніп қару алды да.
Түрегеп тұрған солдаттай
Винтовкалар тіпе-тік,
Сұстана кетіп барады,
Көк найзалар көк тіліп,
Олар шықты, полицей
Учаскесі штабтан.
Оңтүстік Корей «басшысы»
Сұм қаракшы ар сатқан,
Көк болаттар сілтеніп,
Түйрелер сенің арқаңнан.
Бола алмаймыз тірі өлік,
«Жанға жан да, қанға қан!»
Командирі отрядтың
Машинаның үстінен
Беріп жатты винтовка...
Жұмысшы екен. Түсінем,
Состав керек, Лаж не?
Жоқ екен, әлі жоқ келген.
Тәулік күтсе кетер ме,
Грузщиктер ол жерден.
Бір түгіл мейлі сан тәулік
Күтуге ырза грузщик.
Винтовкаға қолдары
Тюдді тұр арман қып.

Бұрыл шашты біріне
Ақыл айтты сол бір түн:
— Отырсаң нетті үйінде?
— Үйі жоқ,—делі ол,—ашудың!
— Қорқыныш қой, қария,
Қанды соғыс ғылымы...
— Азап, таяқ астында
Ұмытқан ол құрғырды.
— Отыру жөн ғой үйінде
Немеренді күтіп, ток.
— Болған жоқ менде немере,
Ұлым кетті қаза боп.
Қарттығымды, қайғымды
Құрметте, маған бер құрал!
Бақытымнан айырды,...
Құрал бер...
— Ал!
— Кегінді ал!
Суыған шайдың түріндей
Теңізге түсті таң белгі
Порт басына кідірмей
Талай кекті жан келді.
Ұсынды қолын қаруға
Ай-түй жоқ бір жас бала.
— Қой, балақан, әрі кет!
— Винтовка бер маған да!
— Винтовка бітті, жоқ енді.
— Күтемін, кетпей осыдан.
— Күт ендеше... келеді.
Күтіп тұр қару жас ұлан.
Таң біліне сан кеме
Жөңкілді теңіздерде.
Снаряд ұлып бергенде,
Лап етті жалын жер-жер де.
Мұрттай ұшты әлде кім,
— Хош, майданшы қайран ер!
Тұманында түтіннің
Шайқалып кетті кей үйлер.
Оқтан ұшқыр, санқылдап
Халықтың кекті зор үні,
— Кет Корейден, жөнің тап,
Американ малғұны!
Қараңғы түнін Иесудің
Тілімдеп кекті көп найза,
Үстінде қанды көшудің
Шақырды түгел майданға.
Кім бөгер халық тасқынын
Қозғалды алға, зор қыймыл,
Қарақшының, қашқынның
Құтқарма бірін, түгел қыр!
Орысшадан еркін аударған:

Дихан АБІЛЕВ.

Демалыс сағатында

27 ЗАТ



Мына суретте 27 зат бар.
Ол қандай заттар?

А. ВОЕВОДИН.

ТҮТҚЫЙЫЛ СҰРАҚТАР

1. Жұмулы көзбен не көруге болады?
2. Барлық тілде бірдей не сөйлей алады?
3. Жүк артсаң жүреді, жүксіз болса, тұрады?
4. Қай жәндіктің аяғынан мұрты ұзын?
5. Төрт қабырғасының төртеуі де оңтүстік жаққа қараған үйді қай жерде салуға болады?

ЖАУАП

«Пионер» журналының 1950 жылғы 12 санындағы шараданың шешуі: Тибет.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: М. Әбішев (Алматы), М. Есіркепов, Д. Оңғарбаев (Оңтүстік Қазақстан облысы), К. Молдабаев (Семей облысы).



КҮМІС АҚШАЛАР

Сталинабадтың маңында канал қазушылар 36 ескі күміс монет тапқан. Бұл монеттердің бірінші бетіне портрет ойылған. ССРО Ғылым Академиясы Тажік филиалының ғылыми қызметкері Н. Н. Забелина бұл Сасанид патшасы Варахрат бесіншінің портреті екенін дәлелдеді.

Сасанидтар династиясы Иранда 224 жылдан 651 жылға дейін патшалық құрды. Бұл уақытқа дейін Тажікстан жерінен сасанид монеті

табылған емес еді. Бұл табылған олжа сол замандарда Тажікстанды мекендеген халықтардың Иранмен сауда қатынасы болғанын баяндайды.

Монет табылған жерден алтын мен күмістен кұйылған өте шебер жасалған сырға, кішкентай мүсіндер, ыдыстар сыяқты қызықты заттар да табылған.

Бұл табылған бағалы заттар Тажікстанның Тарих-өлке тану музейіне берілген.

ТЕМІР ЖОЛ РЕЛЬСИ

Балалар, сендер теміржол рельстерінің арасы неліктен ашық болатынын білесіңдер ме?

Физик Я. И. Перельман бұл туралы мынандай бір қызықты жайды айтады. Ленинград пен Москва арасындағы Октябрь темір жолы, орта есеппен 640 километр, ал осы жол жаздың күні 300 метрдей ұзарады, деп көрсетеді ол.

Бұл қалай? Жолдың ұзаруы мүмкін бе екен? — деп ойлайсың. Сөз жоқ, жолдың жалпы ұзындығы ұзаруға тиіс емес. Ол түсінікті. Әңгіме рельстерде. Физиканың заңы бойынша, рельс әрбір градус жылылықта, шамамен айтқанда, өз ұзындығының 100000 біріндей ұзарады. Жаздың ыстық күндерінде рельстердің қызуы 30—40 градусқа дейін көтеріледі. Қызып кеткендіктен рельске қол тигізуге де болмайтын кездер болады. Қысты күнгі аяздарда рельс 25 тіпті одан да төмен градустарға дейін суынады. Егер жазғы мен қысқы температураның айырмасы 55 градус деп алсақ, жолдың 640 километр ұзындығын 0,00001-ге және 55-ке көбейтеміз. Сонда жалпы жыйынтығы 1/3 километр яғни 300 метрдей болып шығады. Демек, Октябрь темір жолы жаздың күні 300 метр ұзаратынын көреміз.

Рельс пен рельстің арасы ашық болу себебін енді түсіну қиын емес. Қызған рельстің ұзаруы осы ашық жердің есебінен болады. Мұндай ашық орын қалдырмаса, рельстер қызған кезде ұзара-ұзара бірін-бірі қысып, жолдың бүлінуіне, содан соң поездың апатқа ұшырауына апарып соғар еді.

ТАЗА ТЕМІР

Химия оқу кітабында: «Таза темірді қолына ұстап, көзімен көрген адамдар тіпті аз», — делінген.

Бұл қалай? Жердегі темір байлығы аз ба? Әйтпесе адам баласы темір кенін шығаруды әлі де білмей ме?

Жоқ, істің мәні онда емес. Кен қоры жеткілікті, темір топырақ пен минералдардың, хайуанаттар қанындағы гемоглобиннің және өсімдіктер хлорофилінің құрамына кіреді. Адамдар темір кенін шығаруды ертеден біледі де мол шығарады да. Істің мәні «таза темір» деген сөзде. Жер қойнындағы темір басқа элементтердің, көбінесе күкірттің, оттегінің қосындысында кездеседі.

Сондықтан таза темірді химиялық лабораторияларда алуға болады, бірақ оны кейде жерден де табуға ықтыымал. Түрлі метеориттердің құрамында таза темір жиі кездеседі.

АҚ ТОРҒАЙ

Ақ торғай бар дегенге сендер бірден сене қоймас едіңдер. Ал, ондай торғай шынында бар. Басқа торғайдан айырмашылығы — бұл торғайдың қанаттары ақ, көз қарашығы қызыл.


Ақ қанат пен ақ түк кейбір басқа аңдарда да кездеседі. Мысалы, ақ түлкі, теңіз шошқасы, ақ тышқан және әсіресе үй қояндары. Ақ жүнді, әдеттен тыс ақ қанатты жәндіктер мен жануарлар альбиностар деп аталады (Латин тілінде «альбис» — «ақ» деген сөз).

Альбинос жануарлардың терісінде, жүнінде, қанатында, көзінің торында, белок қабығында бояушы зат (пигмент) жоқ болады. Сол себепті альбиностардың қанаты мен жүні ақ келеді де, көздің қабы мөлдір болғандықтан оның түбіндегі қан тамырлары көрініп тұрады — көздері қызыл болады.

ОРЫСТЫҢ ТҰНҒЫШ ТЕАТРЫ

Орыс театрының негізін қалаушы бірінші адам Волков Федор Григорьевич болды. Ол өз заманының өте-өте мәдениетті адамы еді. Волков актер, драматург, акын, музыкашы, сәулет және сымбат өнерінің шебері болған. Волков бірінші рет «Эсфирь» деген драма-

ны постановка етіп, Ярославль қаласында 1750 жылы қойды. Ойын тастан салынған қора ішінде қойылды. Постановка көрушілерге өте ұнады. Театрмен әуестенушілер берген қаржыға тұңғыш кәдімгі театр салынды.



ШОЛПАН ӨЛЕҢДЕРІ

1923 жыл. Республикамыздың сол кездегі орталық газеті — «Еңбекші қазақтың» бір санында «Жолаушы мен жұмыскер» деген өлең басылып шықты. Бұл өлеңді газетке автордың өзі жіберген жоқ еді. Заман тілегіне сай, дер кезінде жарқ еткен жалынды өлең газетті өзі іздеп тапты. Бұрын баспа бетінде ақын әйелді көрмек түгіл, естімеген ел бұл өлеңді тандана қарап, сүйсіне оқыды.

Бұл өлеңнің авторы — қазақ совет әдебиетінің алғашқы қарлығаштарының бірі — Шолпан Иманбаева болатын.

Шолпан 1904 жылы май айында Ақмола облысы, Қорғалжын ауданында туды. Әкесі Иманбай — өмір бойы тас бауыр тағдырдың, жоқшылықтың зілін арқалап өткен кедей еді.

Ұлы Ленин мен Сталин орнатқан совет үкметі қазақ халқының ұл-қыздарына бақытты өмірдің есігін кеңінен ашты. Жаңа өмірге кеудесін ашып, кұшағын жайғанның бірі — Шолпан еді. Ол оқу іздеп Ақмолаға келеді.

«Арманым жалғандағы өнерғұлым» деп білім бесігін іздейді. Ақмоладағы сауат ашу мектебіне түседі. Бар ынтасын сала оқыған Шолпан алты айда сауатты адамдар қатарына қосылады. Кеудесін кернеген толқынды ойын өз қолымен жазып үлгіретін дәрежеге жетеді. Әділдікті, шындықты өз көзімен көріп қуанады.

Шолпан комсомолға кіреді. Мектеп жанындағы комсомол ұйымының белсенді мүшесі болады. Түрлі қоғам жұмыстарына араласып жұртшылықтың назарын өзіне аударады. Ол сергек те, сезгіш те еді. Мектептің қабырға газетіне үзбей өлең жазады. Кейбір өлеңдері ауыздан ауызға тарап, оқушылардың арасында айтылатын болады. Әсіресе әйелдер өмірінен жазылған, балалар өмірінен жазылған өлеңдерін әншілер әнмен айтады екен. Күні кеше Бекейдің босағасында күн болып жүрген Шолпан, партия мен комсомолдың тәрбиесінде өмірдің бұлоулына айналады.



1924 жылы Шолпан Орынборға келіп әйелдер курсына оқыйды. Көркем әдебиет майданына белсене қатысады. Ақын бақыт әперген ұлы Ленинді, теңдік алған қазақ әйелін, жаңа өмірді жырлайды, жас ұрпақты білім алуға шақырады. Аз уақыттың ішінде өзінің көркем, өткір өлеңдерімен жұртшылыққа көрінеді. Қараңғы қазақ аулынан, қазақ әйелдерінің арасынан шыққан жас ақынның өлеңдері өлкелік газет, журналдарда үзбей басылады. Ақындық қанатын енді еркін жая бергенде рақымсыз ауруға шалдығады. Шолпан өз елінде 1926 жылы 18-сентябрь күні қайтыс болады.

Шолпан әдебиет майданына үш ақ жыл қатысты. Осы аз жылда көп еңбек сіңірді. Шолпанның барлық жазған өлеңдері түгелдей қолымызға түскен жоқ. Шолпан қайтыс болғаннан кейін 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан «Шолпанның таңдамалы өлеңдері» атты жыйнаққа 27-ақ өлеңі кірген болатын.

1950 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан Шолпан өлеңдері жеке кітап болып басылып шықты.

Балалар, бұл кітапты оқып сендер совет өкметінің алғашқы жылдарында халқымыздың бақытын жырлаған ақын Шолпан апаларының творчествосымен, өмірімен танысыңдар.

М. ХАКІМЖАНОВА



МАЗМҰНЫ

	бет.
Х. Махмудов — Ұлы орыс тілі	1
В. Зенкова — Қытай достарға арналған жыйын	3
С. Сарғасқасев — Жас мичуриншілер	4
Г. Иодко — Шевченко бақшасы	7
Д. Тасекеев — Сурет (әңгіме)	10
Қ. Қәленов — Қөсем бейнесі (өлең)	11
Қ. Жармағамбетов — Әнші азамат (повесть, жалғасы)	12
И. Мадин — Сабалқа қалай дайындалу керек	16
С. Омаров — Еділ — Дон	18
Тамаша каток	19
М. Еременко — Жеміс ағаштарын қалай отырғызу керек	20
Мектептен хат	21
Те Ги чен — Ұрыс алдындағы түн (өлең)	22
Демалыс сағатында	22
Одан-бұдан	23
М. Хакімжанова — Шолпан өлеңдері	24



Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері:


Т. Абдрахманов (жауапты редактор) К. Айманов, Қ. Баранов, Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Имажанов, М. Нұртазин, Ә. Сәрсенбаев.

Тех. редактор Н. Федоров.

Редакцияның адресі:

г. Алма-Ата, проспект Сталина дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 14/II 1951 г. УГ02869. Бум. 84 × 108^{1/16} — 0,75 бум., 2,46 п. л. Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР. г. Алма-Ата. Заказ. № 510



ДМИТРИЙ ФУРМАНОВ

Балалар, сендер «Чапаев» деген тамаша кино-картинаны көрген боларсындар. Чапаевтың, чапаевшылардың ерлігін, болашақ үшін қармандықпен күрескенін көрсетіп бұл кино «Чапаев» атты романның негізінде жасалған. Ол романды жазған Василий Иванович Чапаевтің жақын серігі, Чапаев дивизиясының комиссары Дмитрий Фурманов. «Чапаев» романындағы батыр, кішіпейіл комиссар Федор Клычков сол Фурмановтың өзі еді.



Дмитрий Фурманов Москва университетінің тарих-филология бөлімінде оқып жүргенде, 1914 жылы дүниежүзілік бірінші соғыс басталды. Ол кезде студенттердің пат-

ша үкіметіне қарсы ереуілі жиі-жиі болып тұратын. Оларды ереуілде еркін сөйлетпейтін. Осыған ыза-ланған Фурманов оқуды тастап, майданға кетеді. Теңсіздік, әскердің ауыр халі туралы мақалалар жазады.

Фурманов 1916 жылы Иваново қаласына келіп жұмысшылар органында патша үкіметіне қарсы үгіт жұмысын жүргізеді. Октябрь таңы атысымен, ол совет өкіметін нығайту ісіне белсене қатысады.

Азамат соғысы күндерінде Фурманов, пролетариаттың батыр қолбасшысы М. В. Фрунзенің жақсы шәкірті болды. Фурманов жұмысшылардан отряд құрып майданға барды. Ленин-Сталин партиясы Фурмановты В. И. Чапаев басқарған даңқты 25-дивизияға комиссар етіп тағайындайды.

Партия 1919 жылдың күзінде оны Орта Азиядағы басмашыларға қарсы күрес жүргізуге жібереді. Ол Фрунземен, Куйбышевпен бірге Түркстан майданын басқарады. Сол бетінде ол Верный (кәзіргі Алматы) қаласына келіп Жетісудағы байлар көтерілісін басады. Ол «Бүліншілік» атты кітабында Жетісуда совет өкіметі қалай орнағанын суреттейді.

Азамат соғысы жылдарындағы ерлігі үшін совет үкіметі Фурмановты Қызыл Ту орденімен наградтайды.

Азамат соғысы аяқталысымен Фурманов жазушылық ісіне қызу жігермен кіріседі.

Дмитрий Фурманов өмірінің соңғы сағатына дейін сүйікті Отанына, большевиктер партиясына адал еңбек етті. Ол талай-талай қызық, тамаша шығармалар жазбақ еді. Бірақ, қайырымсыз қаза дегеніне жеткізбей кетті. Жас ұрпақ батыр комиссар, сүйікті жазушы — Дмитрий Фурмановтан бақытты өмір кұруды үйреніп, оны мәңгі есінде сақтайды.

ОРЫС АВИАЦИЯСЫНЫҢ АТАСЫ

Николай Егорович Жуковскийге дейін авиация ғылымы жоқ еді. Әр шебер өзінше талаптанып, ұшарға қанат іздейтін. Батыстың ғалымдары адамның ұшуын өңбес іс, зүрешілік деп есептеді. Бірақ терең ойлы орыс ғалымдары: Ломоносов, Менделеев, Можайский адам баласының аспанды жеңетініне қатты сенді.

«Адам білек күшімен емес, білім күшімен ұша алады» деді Жуковский. Ол ұзақ уақыт құстардың ұшуын зерттеді, тәжірибелер жасады. 1878 жылдан бастап ол велосипед дөңгелектеріне қанат

байлап жүгіртіп, ауамен қанаттардың байланысын бақылады. Ұлы ғалым өзінің «Ұшу теориясы», «Құстардың қалықтауы», «Қиліккен құйындар» туралы деген еңбектерінде аэродинамиканың негізгі заңдарын тауып, авиацияға жол ашты. Бұл үш еңбек бүкіл физика-математика ғылымдарының қазнасына қосылды.

Жуковский самолетпен ұшудың түрлерін де айтты. 1892 жылы теория жүзінде, самолет аспанда жүріп «тұйық ілгек» жасай алады деген еді, ол. Бұл болжауды даңқты орыс ұшқышы Петр Нико-



лаевич Нестеров 1913 жылы 9 сентябрьде асқан шеберлікпен жүзеге асырды.

Жуковский 1910 жылы 1 апрельде Москвада, дүние жүзінде бірінші рет, самолет модельдері жарысын өткізді. Бұл жарысқа 36 адам 45 моделімен қатнасты. Осыдан бастап авиамоделизм біздің жастарымыздың салтына айналды.

Николай Егорович 180 шамалы ғылыми еңбектер жазды, дүниежүзілік маңызы бар көптеген жаңалықтар ашты. Ғылым мен техниканы қатарынан меңгерген данышпан ғалым бірыңғай математиканың, жалпы механиканың, астрономияның, оқ ату теориясының, су қозғалысының, құрлыс өнерінің саналуан жұмбақтарын шешті. Адамзаттың мыңдаған жылдар арман еткені — ауыр аспапқа мініп аспанға ұшу туралы ғылымның — авиацияның негізін салды.

Ленин мен Сталиннің нұсқауы бойынша Н. Е. Жуковский 1918 жылы Москвада Орталық аэрогидродинамикалық институтты (ЦАГИ) құрды. Сталиндік авиацияның техникалық бесігі болған, дүние жүзінде теңдесі жоқ бұл институт кәзір Жуковскийдің атымен аталады.

Н. Е. Жуковскийдің еңбектері отан ғылымының тарихынан аса көрнекті орын алады. Сондықтан да В. И. Ленин оны Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 3 декабрьдегі, Жуковскийдің ғылыми еңбектерінің 50 жылдығына арналған дербес декретінде «Орыс авиациясының атасы» деп атады.

М. ИСҚАҚОВ

Көкшетаудағы қазақ орта мектебінің мұғалімі.



Қараторғай уясы



Қараторғай уясы



Сарышымшық уясы